



Эльвира АЗИМОВА,
Қазақстан Республикасы
Конституциялық Сотының төрағасы:

«КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – АТА ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНАТАТЫН ОРГАН»

– Эльвира Әбілхасымқызы, Конституциялық Соттың құрылғанына 2 жыл болды. Сала мамандары болмаса былайғы жұрт бұл құрылымның жұмысынан толық хабардар емес. Сондықтан алдымен Конституциялық Соттың өкілеттігі, міндеті, атқаратын қызметі жайлы толық айтып берсеңіз.

– Конституциялық Сот аз ғана уақыттың ішінде өздеріңіз секілді БАҚ өкілдерінің белсенділігінің арқасында халық арасында біршама танық органға айналды. Егер бастапқы уақыттары азаматтар оны сот органдарының келесі бір инстанциясы ретінде қабылдаса, қазіргі таңда Конституциялық Соттың қолданыстағы заңнаманың Ата Заңымызға сәйкестігін тексеретінін, оның шағымдарды тек құқық тұрғысынан ғана қарайтыны белгілі болды.

Ең алдымен Конституциялық Сот – еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін дербес және тәуелсіз құқықтық институт. Құрылым құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексереді, яғни алдын ала конституциялық бақылауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, аталған лауазымды тұлғалардың өтініштері бойынша дау туған жағдайда Президенттің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені қарастырады, Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді. Соңғы мәселені қарау жөніндегі өтінішпен жүгіну құқығына Бас прокурордың ие болғанын да атап өту қажет.

Ал жалпы біздің қызметіміздің басым бөлігін қолданыстағы заңдардың немесе олардың жекелеген нормаларының Конституцияға сәйкестігін тексеруге қатысты жұмыстар құрайды. Бұл кейінгі конституциялық бақылау түріне жатады. Бас прокурор, сот органдары қолданылуға тиісті заңның азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді деп жүгінгенде, азаматтардың мүддесі үшін Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өтініш жолдағанда және ең бастысы, азаматтар өздерінің құқығы мен бостандығын тікелей қозғайтын заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтініш білдірген жағдайда жүзеге асырылады.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІҢ БАСТЫ ФОРМУЛАСЫ – ТҮСІНІСТІК ПЕН ТАТУЛЫҚ



Адамзаттың ең басты заңы, ең негізгі қағидасы – татулық. Татулық тұғырына айналған елдің көңілі тоқ, қадамы нық, сенімі зор. Данышпан Күлтегіннің «Тату елге – тыныштық пен тоқшылық нәсіп» деген сөзінің арада он төрт ғасыр өтсе де мәнін жоймай келе жатуының сыры осында.

МӘСЕЛЕ

ЖЕР ДҮМПУІ: САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

Жұртшылыққа белгілі, кейінгі жылдарда оңтүстік астанада жер жиі сілкініп тұр. Тым жоғары балдық көрсеткіш болмаса да біраз көпқабатты үйді теңселткен бұл табиғаттың қаупі тұрғындарды қатты алаңдатып келеді. Бізде қандай да бір апаттық жағдай тіркелмей, жауаптылардың орнынан қозғалуы қиын екені белгілі. Әйтеуір, елдің қаққан дабылынан соң олар да орнынан тұрып, тұрғын үйлердің қауіпсіздігін бағалауға кіріскен еді.

Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бес жылдық жобасында жазылған деректерге сүйенсек, мегаполисте 2017–2018 бен 2023–2024 жылдары 20 мыңнан астам нысан тексерілген. Ал соның 26 пайызы (5600 ғимарат) жер сілкінісіне шыдамайды екен.

Дәл осы мәселеге қатысты сауалымызға қала әкімдігі мен Алматыдағы сейсмология институты мардымды жауап бермеді. Кейінгі

мекеменің баспасөз қызметі жер сілкінісіне шыдамсыз тұрғын үйлер жөніндегі зерттеу құжаттары қолдарында болмағандықтан сауалға жауап бере алмайтынын жеткізді. Бұған қоса біздің «Алдағы уақытта қалада күшті жер сілкінісі болуы мүмкін бе?» деген сұрағымызға сейсмикалық қауіпті бағалау тұрғысынан болжам айтпайтындарын, күтілетін дүмпүлер жөнінде нақты ақпарат жоғын баяндады. Ал Төтенше жағдай министрлігінің өкілдері бұл

мәселеге, яғни, үйлердің сілкініске төтеп беру жағдайына қатысы жоғын ашық айтты.

«Тұрғын үйлердің төзімсіздігі жөніндегі бағалауды біз жасаймыз. Өйткені, нысанға жер бөлу, құрылыс процесі, оны тапсыру ісі, құжаттары министрліктің қатысуынсыз істеледі. Бірақ алдағы уақытта аталған құзыреттер ведомствоға берілуі мүмкін. Әлі де бұл мәселе талқыланып жатыр. Өзірге біз қалалардың белгілі бір қаупі жоғары аудандар болса, «жер сілкінісінің қаупі бар» деген ескертумен шектелеміз. Әрі қарай ол жерге тұрғын үй салына ма, салынбай ма, құрылыс қалай жүреді, оған заң жүзінде кірісуге құзыретіміз жоқ», – деп көрсеткен өз жауабында.

Жалпы, жыл сайын Алматының 80 шақырым радиусында 2-4 балды құрайтын 200-ге тарта әлсіз, тіпті кейде адамдарға білінбейтін

жер сілкіністері болады екен. Соған қарамастан мегаполис 9-10 балдан жоғары дүмпү болатын өңірге жатады. Бұл – сала мамандарының пікірі. Сондай-ақ бұдан бір ғасыр бұрын осындағы қатты жер сілкінісі тарихта қатталғаны белгілі. Ал ондай жағдай қайталанғанның өзінде бар жауапкершілік кімге немесе қандай құзырлы орындардың мойнына түсетіні әлі де беймәлім. Екіншіден, қираған не бүлінген шығынға қатысты құрылысты жүргізген компанияларды ма, әлде апаттық жағдайды алдын ала ескертпеген деп сейсмологтарды айыптаймыз ба? Бұл да белгісіз.

Айтпақшы, осыдан екі жыл бұрын сейсмология институтының ғалымдары көпқабатты тұрғын үйлердің 35 пайызы дүмпуге төзбейтінін мәлімдеген еді. Нәтиже қорытындысы 2021–2023 жылдар аралығында 11 мыңнан астам үйге жүргізілген зерттеуден кейін шыққан. Тек бұл үйлердің қаланың қай ауданында екені ашық айтылмапты. Тек Алматы мен оның айналасы жойқын жер сілкінісі болатын аса қауіпті өңір деп анық көрсетілген.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет

Өзге елдің білімі өзімізде де бар



4-бет



Төрелік етер төрді сыйла!

8-бет



ДРОНДАР: қорған ба, қатер ме?

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІҢ БАСТЫ ФОРМУЛАСЫ – ТҮСІНІСТІК ПЕН ТАТУЛЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің туын тіккен мемлекеттің бірі. «Жақыныңды жау тұтпа» деп жат ойлы жандардың өзін жанына жақын тартып, досына айналдырған қазақтың мейіран, кеңпейіл мінезін өнеге тұтып айтпайтындар кемде-кем. Қазақ жерінде болып, халықтың табиғатымен жақын танысқан өзге елдің саяхатшы, тарихшы, ғалымдарының қай-қайсысының зерттеуін, пікірін оқысаңыз, қазаққа деген, қазақшылыққа деген ризашылығын, таңданысын байқайсыз. Федор Достоевский, Григорий Потанин, Тарас Шевченко жазбаларында қазақ ұлтының меймандос, ешкімге жамандық, қаскөйлік жасамайтын халық, бейбітшілік сүйгіш ел екенін сүйсіне жазған. Қазақтың сол кең жүрегі, бекзат болмысы бүгін де өзгерген жоқ. Құшағына 130-дан аса ұлт пен ұлысты ұйыстырып, бейбітшілік пен татулықтың бесігіне айналдырған мемлекеттің сырлығы саясаты кім-кімге де үлгі.

Биыл Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстарды ұйытып, бір мақсат, бір мүддеге біріктіріп отырған Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Осы отыз жыл ішінде елдегі бейбіт келісімді сақтаумен бірге, өзге ұлттардың дамуына, тілдерін, салт-дәстүрін сақтап, өз тамырынан ажырамауына барлық жағдай жасалды. Мәселен, Түркістан өңіріндегі халықтың саны 2025 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 2 миллионнан асты. Тірлігі қайнаған аймағымызда 50 ұлттың өкілдері тұрады. Олардың басым бөлігін өзбектер, тәжіктер, орыстар, әзірбайжандар мен түріктер құрайды. Қазақстанды отаным деген осы ұлттардың ұл-қызы бүгінде өз ана тілінде білім алып, өз дәстүрін кедергісіз ұлықтап жүр. Қазақ мектептерінен бөлек, орыс, өзбек, тәжік мектептерін ашып, шәкірттердің терең білім алуына жағдай жасаған мемлекет өзге ұлттардың өзін еркін сезінуіне барлық жағдайды жасап-ақ жатыр. Осындай қамқорлық мен қолдауды көрген өрендер әлемдік додаларда көк туымызды желбіретіп, «Менің жаным қазақ, қаным қазақ!» деп жеңісін Қазақ еліне арнап, жүрекжарды лебіздерін жеткізгенде мерейіміз тасып, көңіліміз марқаяды. Кешегі чемпион Головкиннің «Әкем – орыс, анам – кәріс, өзім – қазақпын!» деуі қалай жүрекке жылу сыйламайды?!

Әрине, мемлекет қамқорлықты қарымтасы болсын деп жасамайды. Азаматтардың жасына, ұлтына, діні мен тіліне, жынысына қарамастан теңдей жағдай жасау, құқығы мен мүддесін қорғау мемлекеттің етене міндеті. Сол міндетін мемлекет ұдайы сақтап, халықтың қамсыз тірлік етуіне тұрақты көңіл бөліп келеді.

Бірақ, бір Отанға топтасып, бір тудың астына біріккен 20 миллион халықты қалыпқа салғандай қысып ұстау мүмкін емес. Бір мем-

лекеттің халқы тұрмақ, алақандай бір отбасының мүшелерінің де пікірі үйлеспейтін, ойы қабыспайтын кездері болады. «Бір анадан ала да туады, құла да туады» дегендей, бір елде өмір сүріп жатқан халықтың да білім деңгейі мен ойлау өресі әртүрлі. Оның ішінде тәртіпке бағынатыны да, теріс жолға үйірі де баршылық. Бірақ, бір адамның ұстанымы мен әрекетіне қарап бүкіл ұлттың болмысы мен бітіміне баға беру қате. Себебі, «Жаман адам болғанымен, жаман ұлт болмайды». Мемлекеттегі татулық пен тыныштықтың ғұмыры ұзақ, тіреуі мықты болсын десек, біз осы азаматтар арасындағы сыйластыққа, тәрбие мен тағылымға, ауызбіршілік пен тұтастыққа мән беруіміз керек. Елдегі береке-бірліктің басты формуласы – түсіністік.

«Қазақстан – көп ұлт өкілін бір шаңырақтың астына жинаған, тату ел» дегенді жиі айтамыз. Алайда, «Тату ел» деп ауыз толтырып айтылатын сөздің арғы жағында қаншама тілек, қаншама еңбек жатыр. «Тату ел» болудың құретамырында мемлекеттің мүддесі, қолдауы, насихаты, күш-қайраты жатқанын көпшілігіміз біле бермейміз. «Тату ел» деген



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының
прокуроры

«Тату ел» деген жай ғана лозунг емес, ол – тірі организм, ол – бір-бірімен біте қайнасқан 20 миллионнан аса халық. Ал осы «Жүзі басқа болғанмен – жүрегі бір, тілі басқа болғанмен – тілегі бір» халықты айрандай ұйытып, асықтай иіріп отыру үшін салмақты саясат, сарабал жоспар, сыпайы қарым-қатынас керек.

жай ғана лозунг емес, ол – тірі организм, ол – бір-бірімен біте қайнасқан 20 миллионнан аса халық. Ал осы «Жүзі басқа болғанмен – жүрегі бір, тілі басқа болғанмен – тілегі бір» халықты айрандай ұйытып, асықтай иіріп отыру үшін салмақты саясат, сарабал жоспар, сыпайы қарым-қатынас керек.

Ауылы аралас, қойы қоралас жатқан қазақ пен өзбектің, тәжік пен түріктің, қырғыз бен орыстың достығы бүгінде ешкімнің күмәнін тудырмайды. Бірақ, айнымас дос, ажырамас көрші ғана емес, құйрық бауыр асатып, құда болып үлгерген осы ұлттардың аяқ астынан бүлініп, ұлтараздық дауының өршітін кездері де ара-тұра болып тұратыны ешкімге жасырын емес. «Ауыр істің салмағы білекке түсер. Ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» демекші, кейде ойсыз айтылған бір сөздің, орынсыз жасалған бір қадамның түсініспеушілік тудырып, аймақты алапайдай бұлдіретіні рас. Бірге туған бауырлардың да кейде бет көріспестей керісетін кезі болады. Ендеше, бір Отан біріктіргенмен, болмысы

мен бітімі, дәстүрі мен тәрбиесі бөлек ұлт өкілінің теріс әрекетін жасырып, кем-кетікті тыныш шешеміз деу қисынға келмейді. Оның үстіне, қазіргідей әлеуметтік желілердің әлеуеті күшті кезде қылаудай дүниені қалтарыста ұстау мүмкін емес. Сондықтан кемшілікті жасырып, жапқаннан гөрі, мәселені жариялау шешіп, түйтілдің себебімен бірге, салдарын зерттеуге көбірек ден қойған дұрыс. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Осы ретте мынандай ұсыныстар айтқым келеді.

Біріншіден, бізде Ассамблеяның жүйелі жұмыс істеуіне толық жағдай жасалған. Достық үйлері салынып, қолданысқа берілген. Осы орталықтар тек тіл үйретіп, өзге ұлттардың салт-дәстүрін дәріптеп қоймай, тарихты да түгендеуге маңыз бергені абзал. Әсіресе, әр халықты Қазақстанмен байланыстыратын деректер ұрпақтан-ұрпаққа айтылуы керек.

Сонымен бірге, Қазақстанды мекендеген өзге ұлттар қазақтың тарихы мен тілін, дәстүрін үйренсе құба-құп.

Екіншіден, бізде ақсақалдардың беделін көтеріп, қариялар институтын жандандыру бағытында жұмыс жүргізу маңызды. Үлкендердің сөзі өтімді, пәрмені мықты болса, жастар бетімен кетпейді. Аймақ ішінде орын алған болмашы даулардың кейде шекарамыздан шығып, жалпыұлттың талқысына айналуына ақсақалдардың жағдайға дер кезінде араласып, үлкендік сөзін айтпауы себеп болып жатады.

Үшіншіден, ұлттарды сайыстыратын емес, табыстыратын жобалар, шаралар жиі ұйымдастырылғаны дұрыс. Наурыз мейрамын тойлау барысында қазір барлық ұлттардың дәстүрін ұлықтауға қадам жасалуда. Сонымен бірге, ассамблея мүшелері жыл сайын қаланы тазалауға, ағаш егу шарасына белсене қатысып жүр. Алдағы уақытта халықты етене жақын етіп, туыс, бауырға айналдыратын шаралар ауқымын кеңейткен дұрыс.

Төртіншіден, кезінде бәріміз халықтар достығын суреттеген шығармаларды оқып, мейірім мен қамқорлықтың не екенін ұғынып өстік. Өкінішке қарай, қазір осы тақырыпқа көп мән берілмейді. Сондықтан, арнайы шығармашылық байқаулар ұйымдастырып, халықтар достығын, ұлттар арасындағы шынайы бауырластықты суреттейтін жаңа шығармалардың дүниеге келуіне мүмкіндік берген пайдалы. Және достыққа, татулыққа үндейтін шығармаларды кең насихаттап, кітаптардың таралып, оқылуына жағдай жасау керек.

Бесіншіден, қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары өміріміздің көлеңкелі, жағымсыз жағын жарнамалауға тым әуес. Журналистің жазғаны елдің арасын ірітетін емес, халықтың арасын біріктіретін тақырыптарға арналғаны жөн. Бізде қазақтың кең пейілін, дархандығын, жақсылығын айтқысы келетін өзге ұлттың ақсақалдары жетерлік. Тарихтың тірі куәсі болып отырған сол қарияларды сөйлетіп, тағылымды сөздерін жастардың санасына жеткізе алса, қазақ журналистикасының ұтқаны.

Алтыншыдан, бізде Алғыс айту күнінің атап өтілгеніне тоғыз жыл болыпты. 2016 жылы 1 наурыз – Алғыс айту күні болып бекітіліп, барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленген еді. Бірақ соңғы жылдары бұл мерекенің форматы да, мазмұны да өзгеріп, азаматтардың бір-біріне алғыс айту дәстүріне айналды. Шындығында, дәл осы мереке ұлттар арасындағы достыққа алтын көпір болуға, тарихты түгендеуге қызмет етуі керек еді. Әр мерекенің өзіндік орны, негізгі мақсат-мүддесі бар. Сондықтан, біз де Алғыс айту күнінің миссиясын өз мәнінде қолдануға тиіспіз. Заманның қиын-қыстау шағында туы жығылып, тауы шағылған басқа халықтар үшін жылы мекен, ыстық ұя болған қазақтардың қамқор пейілі мен оларға әрдайым алғыс білдірген өзге ұлт өкілдері адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналғаны абзал.

Қазақтың Герағасына айналған Герольд Бельгер: «Мен қаншалықты неміс болсам, соншалықты қазақпын!» дейтін. Қазақты сүйгендіктен елдің мәселесіне шекеден қарамады, қазақтың жетістігіне қуанды, қасіретіне мұнайды. Қазақстанды мықты еткен осындай азаматтар! Ендеше, тел өскен ұлдарымыз дәл Герағандай елдің ертеңіне қызмет ете бергей!

РЕФОРМА

Әділетті мемлекеттің алғышарты – құқықтық реформа. Себебі құқықтық сала, сот жүйесі халықтың көңілінен шығып, сенімін ақтағанда ғана әділетті мемлекет қалыптасады. Бұған дейін тәжірибеге енгізілген дауларды шешудің балама тәсілдері, сот актілерін түсіндіру, сот отырыстарын дыбыс-бейне таспаға жазу шаралары сот жұмысына серпін берді. Сонымен бірге, төрелікке деген жұртшылықтың наразылығын біршама төмендеткен еді.

Алайда, арыз-шағымдарының кассацияда таңдап қаралуы әділдік іздеген азаматтардың орынды өкпелерін тудырғаны рас. Сот саласындағы жаңа бастамаларға міне осындай азаматтардың талап-тілегі, ұсынысы арқау болып жатады. Мәселен, биылғы жылы қолданысқа енгізілетін кассациялық соттардың құрылуына да көпшіліктің пікірі негіз болған еді.

Мемлекет басшысымен кездесу барысында отандық кәсіпкерлер кассацияда шағымдардың таңдап қаралатынына реніштерін білдіргені көпшілік есінде. Жоғарғы Сотқа түскен істердің тек 5 пайызының ғана кассацияның таразысына түсетінін айтқан кәсіпкерлер сөзінен кейін Президент бұл мәселені зерттеп, қоғам үшін оңтайлы шешім қабылдауды құзырлы орындарға жүктеген еді. Нәтижесінде әлемнің озық

тәжірибелері зерделеніп, Қазақстандағы кассациялық соттардың жаңа моделі дайындалды. Соған сәйкес «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы конституциялық заңға өзгерістер енгізіліп, биылғы жылдың шілде айынан бастап дербес үш кассациялық соттың құрылып, жұмысын бастайтыны заңды түрде бекітілді. Жаңа сот сатысы 2025 жылы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша құрылып, апелляциялық сот алқасының қабылдаған актісі негізінде істерді қайта қарамақ.

Осылайша енді азаматтық және қылмыстық істер бойынша кассациялық шағымдарды алдын ала қарау алынып тасталды. Шілдеден бастап үш кассациялық сот «тұтас кассация» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Сәйкесінше істер бірден кемінде 3 судьядан тұратын құрам-

ЖАҢА СОТ САТЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?



ның қарауына түседі. Кассациялық шағымдарды қарау мерзімі «ақылға қонымды» уақытты көздейді. Бірақ ол 6 айдан аспауға тиіс. Күрделі

істер бойынша бұл мерзім кем дегенде тағы 6 айға ұзартылуы мүмкін. Сонымен қатар сот процестері тараптардың міндетті қатысуымен

ауызша жүргізілетінін де ескерткен дұрыс.

Мұндай модельдің тиімді тұстары баршылық. Біріншіден бұл сот практикасының біркелкілігін қадағалауға және қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екіншіден, заңнаманы қолдануда кеткен кемшіліктерді айқындауға көмектеседі. Үшіншіден, дербес кассациялық соттар азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға серпін береді.

Бұл реформаның ең басты мақсаты – сотқа жүгінген азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау, сот жұмысының тиімділігін арттыру. Ал кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескере отырып шешім шығаруға жол ашады.

Г.КУДЕРБАЕВА,
Самар аудандық сотының
төрағасы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ


ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ЖЕР ДҮМПУ: САҚТАНСАҢ САҚТАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ғалымдардың пікірінше, жер сілкінісін алдын ала анықтау өте қиындық тудырады. Бір белгілісі, Қазақстан жерінің 40 пайызы сейсмикалық жағынан қауіпті. Әсіресе, республиканың оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймағы осы санатта тұр. Ал Алматы – бүкіл Орталық Азияда өте қауіпті сейсмикалық аймақ.

Бір қызығы, зерттеулер бойынша Шығыс Қазақстан облысынан бастап Қызылорда облысына дейінгі аралықта 7-9 бал аралығында қауіпті жер сілкінісі болуы мүмкін сейсмикалық орындар бар көрінеді. Ал негізінен сейсмология институтының мамандары жаңа технологиялар арқылы Алматыдағы бірқатар нормативтік құжатқа өзгерістер енгізген. Оның ішінде әлеуметтік нысандар құрылысын бес қабаттан асырмау туралы айтылған.



Екіншіден, 10 балдық жер сілкінісі болатын аймақ деп болжанған жерде мұндай санаттағы ғимараттар үш қабаттан ғана тұрғызылуы тиіс. Бірақ бұл норма биік үйлер тұрғызып үйренген алып құрылыс компанияларына жүрмейтін сияқты. Тағы бір айтатын жайт, аталған институт салынғанына 70 жылдан асқан «хрушевкаларды» толықтай бұзу жайлы да айтыпты. Өйткені, мұндай ескі

баспаналар жоғары зілзаланы айтпағанда, орта дәрежедегі дүмпуге де төтеп бермейтін көрінеді.

Жалпы, зілзала қаупін қалай алдын ала біле аламыз? Бізге мәлім болғандай, бұған қатысты сейсмология институтының орта мерзімді және қысқа мерзімді болжамдары бар. Айталық, орта мерзімді жер сілкінісі жылына екі рет, жылдың басында және ортасында жасалады. Ғылыми-із-

дестіру тұрғысынан 200-ден астам болжамды параметрлерді талдау негізінде жасалатын апталық қысқа мерзімді қорытынды әзірленеді. Ал қысқа мерзімді жер сілкінісін нақты болжау мәселесін әлі бірде-бір мемлекет ғылымы шеше алмапты. Бүкіл әлем аталған болжамның толыққанды шешімін таппаған. Тіпті жойқын зілзалалар жиі тіркелетін Түркия мемлекетінің ғалымдары да озық технологияны пайдаланғанымен, қысқа уақытта болатын дүмпулерді дер кезінде анықтауға қауқарсыз көрінеді. Тек бір ғана анықталған жағдай Қытайда ғана тіркеліпті.

Мақала басында айтқандай, сала мамандары дүмпуге төзбейтін 5600 тұрғын үйді бұзу керек немесе күрделі жөндеуден өткізу қажеттігін айтуда. Бірақ оның бәрі қала бюджетіне үлкен жүк. Ал тұрғындар тарапынан бұған тіптен шама жоғы анық емес пе? Әзірге олардың «Дүмпу болмаса екен» деп дұға тілеуден өзге амалы да жоқ.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

АЙМАҚ АҚПАРАТ

ИППОТЕРАПИЯ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Талғар ауданында мүгедектігі бар балаларға арналған иппотерапия орталығының салтанатты ашылуы өтті. Бұл орталықтың қызметі ерекше балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын жақсартуға бағытталған. Орталықтың ашылуы мүгедектігі бар

балалардың әлеуметтік бейімделуіне, олардың қоғам өміріне белсене қатысуына мүмкіндік береді. Бұл бастама тек оңалту шарасы ғана емес, сондай-ақ балалардың жаңа дағдыларды меңгеріп, өмір сүру сапасын жақсартуға арналған маңызды жоба. Алдағы уақытта орта-

лықтың қызметін кеңейтіп, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін тағы да жаңа оңалту бағдарламаларын енгізу жоспарланып отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ЭКОТУРИЗМ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Шарын шатқалында «Sharyn» визит-орталығы ашылды. Енді орталық қонақтарды заманауи сервиспен қарсы алып, керекті мәліметтер ұсынады. Туристер шатқалды гольф-кармен аралап, кәсіби нұсқаушылардың сүйемелдеуімен табиғат-

тың ерекше сұлулығын тамашалай алады.

Табиғатты қорғау бағытындағы маңызды жобалардың бірі – «Жасыл даму» АҚ-мен бірлескен пилоттық жоба. Оның мақсаты – экологиялық мәдениетті арттыру және «таза туризм»

қағидасын қалыптастыру. Осы жоба аясында парк аумағында қоқысты сұрыптап жинау жүйесі енгізілді. Арнайы қоқыс жәшіктері, контейнерлер және фандомат құрылғысы орнатылып, жиналған қалдықтар қайта өңдеуге жіберіледі. Сондай-ақ,

туристерге биоыдырағыш қапшықтар таратылып, экологиялық ақпараттық тақталар орнатылды. Визит-орталық аумағында жас көшеттер отырғызылып, ұлттық парктің жасыл желегін көбейтуге бағытталған шара жүзеге асырылды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ҚАЗАҚСТАН ЗАҢДАРЫ ІЗГІЛІККЕ ҚҰРЫЛҒАН

Қылмыстың өтеуі – жаза. Оны теріс қылық жасаған азаматтар түсінуі керек. Заңды білмеу, құқықтық сауаттың төмендігі жауаптылықтан құтқармайды. Десек те, біздің еліміздің заңдары ізгілікке құрылған.

Мемлекеттегі елеулі, мерейлі мерекелерде Президенттің рақымшылық жасауы қалыпты үрдіске айналған. Рақымшылық кезінде абайсызда жаза басқан, алғаш рет қылмыс жасаған, денсаулығы нашар, жасы келген азаматтар мен нәзік жандылардың мерзімінен бұрын бостандыққа шығып, жаңа өмір бастауына мүмкіндік беріледі. Осы мүмкіндікті пайдаланып темір тордан ерте шығып жақындарымен қауышқан, қалыпты өмірге оралған отандастарымыз аз емес.

Сонымен бірге, Қазақстан өлім жазасынан бас тартқан санаулы өркениетті елдің бірі. Көптеген қылмыс үшін балама жазалардың тағайындалып, қылмыстық процестерде медиацияны қолдануға басымдықтың берілуінің астарында да ізгіліктің дәні жатыр. Жалпы, өз қатесін мойындап, жәбірленушіге келтірілген залалдың орнын өз еркімен толтырғандардың жауаптылығын жеңілдету – отандық заңнаманың негізгі мүддесі. Түрме түземейді дегенді жиі айтамыз. Әри-



не, бостандықтан алыстап, темір торға қамалу кім-кімнің де психологиясына жақсы әсер етпесі анық. Оның үстіне, жазасын өтеп келгендерді қоғам мүшелерінің бәрі бірдей құшақ жая қарсы алмайтыны тағы нас. Сондықтан, өзінің ертеңін ойлаған жандар қылмыстық құқық бұзушылықтан аулақ жүруге, біреудің құқығына қайшы әрекет етуден сақтануға тиіс.

Жалпы шалыс басу, жазалы болу – қайта өмір бастауға, түзелуге кедергі емес. Оның үстіне, қылмыстық заңнамаларда жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру институттары қарастырылған. Тек жан-жақты зерделеніп, назарға алынуы тиіс. Бұл институттар жазасын өтеушілердің түзе-

луіне ықпал етеді, оларды жақсы жаққа өзгертуге ынталандырады. Бұдан бөлек, жазаны жеңілдету түрмедегілер санын төмендетуге, әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге, жаңа қылмыстардың алдын алуға көмектеседі.

Заңнамаларға сәйкес, сотталған адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын, аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін. Тағы бір ескеретін мән-жай сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталғандардың барлығына бірдей қолданылмайды, қылмыстық заңнамамен кейбір санаттағы қылмыс жасаған адамдарға қатысты шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға шектеулер қойылған.

Соттар сотталған адамның тәртібіне баға беру кезінде олардың ішкі тәртіп қағидасын сақтауын, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі әкімшілігінің талаптарын орындауын, тәрбиелік сипаттағы іс-шараларға және мекеменің қоғамдық өміріне қатысуын, көтермелеулерді, жазаларды, туған-туыстарымен және сотталған адамдармен қарым-қатынасты сақтауын және сотталған адамның түзелгенін айғақтайтын басқа да мән-жайларды ескереді. Өз ортасына оралып, жаңа өмір бастағысы келгендерге еліміздің заңдарында мүмкіндік мол. Дегенмен, болашағына балта шапқысы келмеген адам темір тордан шығудан гөрі, темір торға түспеу жағын ойлағаны дұрыс.

Н.БАТЫРХАН,
Жетісу аудандық №2 сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Қазір шетелдік білім алуға ынталылар үшін көп мүмкіндік бар. Еуропа асып, мұхиттың ар жағындағы мемлекеттердің оқу орындарын жағалау қажет емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен дамыған мемлекеттердегі іргелі университеттердің филиалын Қазақстанда ашу жағы бұған көп мүмкіндік бергендей. Тіпті бүгінде 20-дан астам арнайы өкілдік құрылды. Ал осы жылы 11 филиал ашыламақ. Демек, өзге жақтан білім іздемей-ақ қойсақ болады.

ӨЗГЕ ЕЛДІҢ БІЛІМІ ӨЗІМІЗДЕ ДЕ БАР

Жоғары білім алуға мұндай жаңашылдық салаға қалай әсер ететінін, елдегі еңбек нарығында қандай құбылыс боларын алдағы уақыт көрсетер. Біз алдымен шетелдік өкілдіктерді айтсақ, елде 2021 жылға дейін төрт университет құрылыпты. Олар: Мәскеу авиация институты, Челябин мемлекеттік университеті, М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және «Сорбонна – Қазақстан» институты. Одан соң Президент 2025 жылға дейін шетелдегі жетекші оқу орнының ең азы бес филиалын елге әкелу керектігін айтқан еді. Бүгінде салалық министрлік бес емес, тіпті артығымен 20-дан аса жобаны жүзе асырғандай.

2021 жылдан бері ашылған филиалдар қандай десек, Астанада Бейжің тіл және мәдениет университетінің филиалы, Алматыда «МИФИ» Ұлттық ядролық зерттеу университеті, Солтүстік-Батыс политехникалық университеті, Ло-



тарингия университеті, Анхальт университеті, Гонконг қаласы университеті және Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механизациялау инженерлері институтының филиалдары құрылған. Атырауда И.Губкин атындағы Ресей мұнай және газ, Таразда Д.Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университетінің филиалы ашылды. Ақтауда Берлин техникалық университеті және Ақтөбеде Хериот-Уотт университетінің филиалы бар. Бұл тізімді De Montfort университеті (Алматы) мен Ковентри университеті (Астана) де толықтырып отыр.

Жалпы, осы жобаларда әлемдік жоғары білім практикасында қолданылатын қос диплом бағдарламасын да жетілдіру жүргізілген. Мысалы, еліміздегі жоғары оқу орындарының Квинс университеті, Марке политехникалық университеті, Миннесота университеті, Аризона университеті және Бидгощ экономика университетімен екіжақты келісімі бар.

Енді шетелдік университеттердің қай бағыт бойынша білім беретінін айтсақ. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, шетелдік филиалдар су саласы, жасанды интеллект, атом саласы мамандарын оқытады. Яғни, біздегі ЖОО базасында ашылған филиалдар өзара байланыс жасап, тәжірибе алмасып, лабораториялық ресурстарын бірлесе қолданады.

Екі жыл бұрын Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Жасанды интеллект институты ашылды. Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлескен жобада 4 білім беру бағдарламасы бар. Яғни, «Информатика», «Кибержауыпсіздік», «Компьютерлік бағдарламалау және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу» мен «Ақпараттық жүйелерді» оқытуға биыл министрлік 100 білім беру грантын бөлген. Қазір қос университет екіжақты келісіммен 2+2 оқыту жүйесін қабылдапты. Ол жүйе бойынша студенттер алғашқы екі жылды Қазақстанда, кейінгі екі жылды Кореяда оқуға мүмкіндік алған. Оқу аяқталған соң екі елдің де дипломын алады. Ал бұған Сеул тарапының жалғыз талабы – ағылшын тілі бойынша IELTS 6 деңгейінің болуы.

Мұндай жоба Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде де бар. Оқу орны базасында Хериот-Уотт университетінің филиалы жұмыс істейді. Heriot-Watt University Ақтөбе кампусының жоба жетекшісі Дамира Мусина филиалдың «Мұнай инженериясы және энергия менеджменті», «Электр энергетикасы» және «Компьютерлік инженерия» мамандықтары бойынша оқытатынын айтады.

«Біздің Ақтөбе Heriot-Watt кампусында бірінші және екінші курста барлығы 426 студент оқиды. Оның 400-ден астамы мемлекеттік білім беру гранты негізінде білім алуға. Негізгі контингент – Ақтөбе облысына қарасты мектеп түлектері. Сондай-ақ студенттер қатарында көрші Ресей мен Өзбекстаннан да келіп оқып жатқандар бар. Келешекте университет түлектерінің жұмысқа тұруы жеңіл болатынын баса айтқымыз келеді. Өйткені, біздегі мамандықтарға әлемнің мықты компанияларынан сұраныс жетерлік», – дейді.

Дамира Мусинаның сөзінше, жұмысқа орналасу мәселесінде қиындық жоқ. Оған себеп – университетпен серіктестік орнатқан компаниялар арасында Schlumberger, «Тенішевройл», «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг», KEGOC секілді алпауыт кәсіпорындар бар.

Шетелдік оқу орнына қатысты тағы бір мәлімет, оларды ашу немесе құруға кететін шығын әріптестік көмегі арқылы әрі мемлекет қазынасынан өтеледі екен. Дұрысы, жоғары оқу орындарының филиалы бюджеттен тыс қаражат есебінен де, бюджет қаражаты есебінен де ашыла береді.

Тағы бір біле жүретін жайт, біздегі шетелдік филиалдар студенттерге 34 мамандық бойынша білім береді. Екіншіден, биыл жоғарыда айтылған оқу орындары үшін 2 мыңнан астам мемлекеттік білім беру гранты бөлінген. Жалпы шетелдік оқу орнына қабылдау талабы күшті. Бірінші – ҰБТ қорытындысы, одан соң аталған университеттерде бейіндік тест пен шет тілінен емтихан тапсырады. Ал мұндай сынақтан сүрінбесе, талапкер шетелдік филиалда тегін жоғары білім алатын болады.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

АСЫЛ МҰРА

Тәуелсіздік мемлекеттік тілге көп мүмкіндік әкелді. Қазақ тілі өзінің ресми статусын бекітіп қана қойған жоқ, сонымен қатар шын мәніндегі қолданыс, қарым-қатынас тіліне айналды.

ТҰҒЫРЫ БИІК ТУҒАН ТІЛ

Бұл үрдістен сот саласы да шет қалмады. Сот істері мен іс жүргізу процестері, іс қағаздарының айналымы мемлекеттік тілге көшті. Мемлекеттік саясаттың оң көзқарасы мен тікелей назарының негізінде қазақ тілінің еңсесі тіктеліп, аяғынан нық тұрды. Қазір жергілікті соттардағы істерді сараласақ мемлекеттік тілдің үлесі әлдеқайда артқан. Кез келген азамат мемлекеттік тілде сөйлеп, қазақ тілінде арыз тапсырып, өтініш айтып, ана тілінде жауап ала алады. Сот саласының кез келген маманы өтініш айтушы азаматқа мемлекеттік тілде қызмет көрсете алады. Бұл қазақ тілінің тек қана қолданыс деңгейінде қалмай ресми құжат тіліне де айналғанын көрсетеді.

Қазіргі таңда сот процестерінде қолданылатын термин сөздердің де кез келгенінің қазақ тіліндегі баламасы бар, ресми сөздіктерде бұл жерде сот саласы мамандарына үлкен көмек болып отыр.

Қай кезде қай жерде болса да сұраныс қажеттілікті тудырады. Қарапайым кез келген азамат мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, рейтингін, қолданыс мөлшерін арттыруға өз үлесін қоса алады. Талап бар жерде нәтиже бар. Мемлекеттік тіл жалпыхалықтық сұранысқа ие болғанда ғана тұғырлы, мәртебелі, сыйлы. Сол себепті де

туған тілдің тұғырын асқақтату әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті, бабалар алдындағы перзенттік парызы.

Сот саласы мамандарына мемлекеттік тілдің барлық мүмкіндігін пайдалана отырып, іс жүргізу, іс қағаздарын толтыру барлық кезеңде қиындық тудырмауы тиіс. Ол үшін әрине, сот мамандарына ең алдымен білім керек. Тіл қолданыс арқылы дамиды. Оны тұтыну, өзара қарым қатынас тіліне айналдыру оның ауқымын арттырып, мағынасын тереңдете түседі. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» – деп Қадыр ақын айтқандай, тіл жалпыхалықтық қажеттілікке айналғанда ғана өлмейді, өшпейді. Қолданыс пен сұраныс болмаса кез келген тіл санадан өшеді, ұмытылады. Сондықтан да, біз мемлекеттік тілді ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап, таза, тұнық күйінде жеткізуге тиіспіз. Ол тек күнделікті қолданыс арқылы дамып, тереңдейді, кеңейеді. Біз мемлекеттік тілдің қорғаны, қолданушысымыз. Бабалар алдындағы осы перзенттік парызды ешқандай кедергісіз, бюрократтық кедергілерсіз келер ұрпаққа жеткізейік.

Э.АСУБАЕВА,
Алакөл аудандық сотының
төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

МӘРТЕБЕ

ТӨРЕЛІК ЕТЕР ТӨРДІ СЫЙЛА!

Еліміздің сот жүйесі – туралық алаңы, әділдік айнасы саналады. Әрине, адам баласы бұл сотқа ерікпеннен келмесі анық. Соңғы үмітін үкілеп, соттан дауына әділдік, төрелік іздеп келеді. «Таяқтың екі ұшы болады», – демекші дауда да екі тараптың келіспеушілігі таразы ба-сына салынады. Мемлекет атынан төрелік жасалатын сот отырыста-рына кейде тараптар дер кезінде келмей, онлайн процестерге уақы-тылы қосылмай жатады. Бұл судьяның жұмысына кедергі келтіріп, уақытын алады.

Бір адамның жауапсыздығы сот процестерінің себепсіз созылуына әкеледі. Тіпті, кейде сот залында судьяны тілдеп, төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынбай, тәртіпті бұзып, сот отырысын жүргізуге кедергі жасайтындар да табылып жатады. Сотқа құрметтемеушілік танытқандар заңнан аттағанын түсінбейді. Осы орайда, сотқа құрметтемеушілік білдіргендерге заң талаптарына сай жауапкершілік көзделгенін атап өткен жөн. Азаматтық процестік кодекстің 9-тарауы сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шараларына арналған.

Сотқа құрметтемеушілік білдіргендер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген тәртіппен әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Ал әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, тәртіп бұзушы қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Егер сотқа құрметтемеушілік сот отырысында білдірілсе және тәртіп бұзушы сот отырысының залынан шығып кеткен жағдайда, сот отырысынан тыс сотқа құрметтемеушілік білдірілмеген кезде, сондай-ақ егер сот отырысына келуден жалтару белгіленсе, сот приставы немесе соттың өзге жұмыскері сот төрағасының не-

месе сот отырысына төрағалық етушінің ауызша өкімі бойынша құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды, бұл туралы хаттамада көрсетіледі. Құқық бұзушылық туралы хаттама осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда қажетті материалдармен бірге Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне белгіленген соттылыққа сәйкес қарау үшін сотқа жіберіледі. Осы орайда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабына сәйкес, сотты құрметтемеушілік білдірген азаматқа ескерту жасалып не жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкел соғады.

Ал, егер сот отырысында тәртіп бұзушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгісі болса, сот бұл туралы қаулы шығарады, ол өзіне қатысты қаулы шығарылған адамға үш жұмыс



күні ішінде тапсырылып, растайтын материалдармен бірге прокурорға сотқа дейінгі іс жүргізуді ұйымдастыру үшін жолданады.

Жалпы, сот отырысына төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбай, жалған және рұқсатсыз сөйлеу, балағаттау, алкогольдік ішімдік ішкен күйде келу, сот отырысына дәлелді себептерсіз келмеу сияқты әрекеттер де сотқа құрметтемеушілік болып табылады. Сотқа шақырту қағазын ала тұра сот отырысына келуден жалтаратындар да бар.

Қорыта айтсақ, сот ғимаратының табалдырығын аттаған әрбір адам жауапкершілікті сезіне отырып, сотқа ғана емес, сот отырысының басқа да қатысушыларына құрмет көрсетуге тиіс. Сотты құрметтеудің кез келген көрінісі жалпы мемлекеттік билікті құрметтемеумен тең екендігін түсінген жөн.

Алтынай БАЗАРОВА,
Ақтау қалалық
№2 сотының судьясы

КИЕ

МӘРТЕБЕ АЛУМЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛМЕЙДІ

Ата Заңда мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісі, іс қағаздарын жүргізу тілі қазақ тілі екені тайға таңба басқандай айтылған. Алайда, мемлекеттік мәртебе алумен іс бітпейтінін уақыттың өзі көрсетті.



Тілдің қолданылу аясын кеңейту, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу және тағы басқа проблемалар алдан шықты.

Ана тілі кез келген халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын,

мәңгілік мұрасы. Демек, қазақ тілі Конституцияда мемлекеттік тіл болып белгіленген соң, өзінің мемлекеттік статусына сай болуы керек. Сот өндірісінде мемлекеттік тілді жетілдіруді мемлекеттік тілдегі заңдар сапасын көтеру

мәселесінен бөліп қарай алмаймыз.

Ең алдымен заңның мәтінін қарапайым халыққа түсінікті етіп жасаудың маңызы зор. «Өссе тілім, мен де бірге өсемін, Өссе тілім, мен де бірге өшемін», демекші, туған тілі арқылы ұлт қалыптасады. Сондықтан, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілдің жауапкершілігін сезініп, қазақша сөйлеуге бет алғаны ләзім. Өйткені, біз мемлекеттік мүддені жоғары қоймайынша, қазақ тілінің мәртебесін көтере алмаймыз.

Д. КОШЖАНОВА,
Ұлытау облысы кәметлетке
толмағандардың істері
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
әкімшісі басшысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Құқықтық мемлекет құру және азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау сот актілерін мүлтіксіз орындауға негізделеді. Қазақстан Республикасында сот актілерінің орындалмауы заң үстемдігін әлсіретіп, әділеттілік қағидаларын бұзуға әкелуі мүмкін. Осы мақалада сот актілерін орындамау мәселесі, оған байланысты заңнамалық талаптар және жауапкершілік түрлері талқыланады.

Сот шешімдері заңды күшіне енгеннен кейін барлық мүдделі тараптар оларды орындауға міндетті. Бұл тек соттың бөделін арттыру ғана емес, сонымен қатар құқықтық тәртіпті сақтау үшін маңызды. Егер сот шешімдері орындалмаса, азаматтардың сотқа деген сенімі төмендеп, құқықтық вакуум қалыптасуы мүмкін.

Сот актілерін орындамау бірнеше себептерге байланысты болуы мүмкін.

Қасақана орындамау – сот шешімімен келіспейтін тарап оның орындалуына әдейі кедергі келтіреді.

Қаржылық қиындықтар – борышкердің қаржылық жағдайы нашарлап, ол міндеттемелерін орындай алмайды.

Орындау механизміне байланысты кедергілер – кейбір жағдайларда сот актілерін орындау нақты шараларды талап етеді, алайда оларды жүзеге асыруға түрлі бюрократиялық немесе әкімшілік кедергілер әсер етеді.

Атқарушылық іс жүргізудің әлсіздігі – сот орындаушыларының әрекетсіздігі немесе заңнамалық олқылықтар шешімнің орындалмауына себеп болуы мүмкін.

Сот актілерін орындамаған дарған жауаптылық қарастырылған. Мемлекет сот актілерін орындаудың тиімділігін арттыру мақсатында келесі шараларды қолданады:

– міндетті орындау механизмдерін жетілдіру;

– мәжбүрлеп орындату шаралары, оның ішінде мүлкті тәркілеу, шоттарды бұғаттау және



еңбекақыдан ұстап қалу сияқты тәсілдер кеңінен қолданылады;

– сот орындаушыларының рөлін күшейту – жеке және мемлекеттік сот орындаушыларына қосымша өкілеттіктер беріледі;

– жауапкершілікті күшейту – заңнамаға енгізілген өзгерістер арқылы сот шешімдерін орындау үшін тағайындалатын жазалар қатаңдатылады.

– халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру – азаматтар мен ұйымдарға сот шешімдерінің орындалуының маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі;

– сот актілерін орындау – құқықтық мемлекеттің ажырамас бөлігі. Еліміз сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында түрлі заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар қабылдайды. Сот шешімін орындаудың түрлі салдары бар, олар әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікті қамтиды. Азаматтар мен ұйымдар сот шешімдерін орындау арқылы құқықтық тәртіпті нығайтуға және әділетті қоғам қалыптастыруға үлес қосуы тиіс.

К.КАРАГУЛОВА,
Темір аудандық соты
әкімшісінің басшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТӨРЕЛІК

АШЫҚТЫҚ ПЕН ТИІМДІЛІК АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында сот тармағын жетілдіру үшін түбегейлі жаңа әдістер мен жүйені енгізу керектігі айтылған болатын. Сонымен қатар, судьялардың кәсіби тақырыбын көтеріп, елдегі сот төрелігінің сапасын арттыру мәселесі де алға шыққан.

Бұл реформаның басты мақсаты қарапайым халықтың сот әділділігіне қолжетімділігін арттыру. Республиканың барлық судьялары мемлекеттік жарлықпен тағайындалады, яғни барлығы бір мәртебеге ие және тек өкілеттіктері бойынша ерекшеленеді. Кез келген дәрежедегі судья үшін сот төрелігін жүзеге асыруда бастық болмайды, тек заң мен шешімге деген жауапкершілік бар. Судьялардың сот төрелігін жүзеге асыруда толық тәуелсіз болуы үшін оларға заңды құрал мен адал жұмыс істеу, сенімділік қажет. Осы кепілдікті күшейту үшін заңдарға түзетулер қабылданды.

Құқық қорғау органдары бұрын кез келген судьяға қатысты қылмыстық іс қозғамай-ақ облыс прокуратураның санкциясымен арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізе алатын. Бұл, әсіресе, судьяға қы-

сым жасау тұтқасы ретінде қабылданды. Сондықтан судьялардың иммунитетінің кепілдіктерін арттыру мақсатында Конституциялық заңда судьяларға қатысты арнайы жедел-ізвестіру шаралары көптеген дамыған елдерде қалыптасқан әдет бойынша тек Бас прокурордың рұқсатымен ғана мүмкін болатын норма белгіленді. Бұл судьялардың тәуелсіздігінің маңызды кепілі болмақ.

Сонымен қатар, заңға енгізілген өзгертулер ауданаралық соттардың құрылуына да өз ықпалын тигізді. Конституциялық заң ауданаралық соттарды бірнеше немесе бір аумақтық бірлікте құруды көздейді. Мысалы, кейбір өңірлерде салыстырмалы түрде жақын орналасқан аудандық соттар бар. Мұндай соттарды бір ауданаралыққа біріктірді.

Мемлекет басшысы сот жүйесін реформалаудың жаңа тәсілдері – судьялардың тәуелсіздігін одан әрі нығайту, қоғамның соттарға деген сенімін арттыру, сот төрелігін іске асыруға жаңа кәсіби кадрларды тарту, сот процесінің ыңғайлылығы мен тиімділігін көтеру, –деп айтқан.

Жанаргүл ҚОЛҒАНАТ,
Қарақия аудандық сотының
әкімшісі басшысы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнымен қоса, Конституциялық Сот конституциялық іс жүргізу практикасын қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жолдау жібереді. Жолдауда конституциялық іс жүргізу қорытындысы, сондай-ақ азаматтардан келген өтініштерде көтерілген мәселелерге одан әрі ден қою үшін және заңнаманы одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар мен ұлттық заңнамаға талдау жасалып, депутаттарға ұсынылады.

– Осыған дейін жұмыс істеген Конституциялық Кеңес пен жаңадан құрылған Конституциялық Соттың негізгі айырмашылығы оған азаматтардың тікелей жүгіне алуымен байланысты. Азаматтар осы мүмкіндікті қаншалықты пайдалана алып отыр?

– 2022 жылғы реформа нәтижесінде құрылған Конституциялық Соттың қызметі еліміздің құқықтық жүйесін нығайтуға және конституциялық бақылау органына тікелей қол жеткізу арқылы азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған. Ол жаңа субъектілер тізімімен толықты. Жоғарыда атап өткенімдей, енді азаматтар, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және Бас прокурор азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келтіретін қолданыстағы заңнаманы немесе оның жекелеген ережелерін даулауға мүмкіндік алып отыр. Бұның барлығы, әрине, келіп түскен өтініштердің негізінде тексерілетін болады.

Мемлекет бұл ретте азаматтарды өздерінің конституциялық құқығы мен бостандығын қорғауға қатыстыру арқылы олардың құқықтық сауаттылығын және қолданыстағы заңдардың Ата Заңмен байланысы туралы түсініктерін арттыруды мақсат еткен. 2023 жылы 5,3 мыңнан астам, өткен жылы 3,7 мыңнан астам азамат өз құқығын қорғау үшін конституциялық бақылау органына жүгінді. Бұл статистика азаматтардың конституциялық бақылау арқылы құқығын қорғауға ғана емес, сонымен бірге қазақстандық заңнаманың Ата Заңмен сәйкестендіруге қызығатынын растайды. Яғни, нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкес келтіру процесіне азаматтардың қатысуы «заң және тәртіп» қағидатын қоғамымыздың өміріне енгізуге үлес қосып жатыр.

– Азаматтар Конституциялық Сотқа қандай мәселелер бойынша жүгінеді? Жалпы, бұл органды өтініштерді қараудың реті қалай?

– Конституциялық Сот осы екі жылдан бері азаматтардан және басқа да өтініш субъектілерінен келіп түскен тоғыз мыңнан аса өтінішті қарады. 400-ден аса қаулы қабылдады, оның ішінде конституциялық тексеру нәтижесі бойынша 60-тан аса қорытынды нормативтік қаулы шығарды.

Өтініштерді қараудың бірнеше сатысы бар. Ең алдымен өтініштер Конституциялық Соттың аппаратында тіркеліп, 15 жұмыс күнінің ішінде өтініштің талаптарға сәйкестігі қаралады, әрі қарай судьялардың алдын ала зерделеуіне жолданады. Судьялардың алдын ала зерделеуі сатысында өтінішті конституциялық іс жүргізуге қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы қаулы шығарылады. Конституциялық іс жүргізуге қабылданған өтініштер бойынша нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген нормасының Ата Заңға сәйкестігі тексеріледі. Конституциялық Сот осы тексерудің қорытындысы бойынша нормативтік қаулы қабылдайды.

Атап айтатын жайт, азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары «Конституциялық Сот туралы» конституциялық заңның 44 және 45-баптарында нақты көрсетілген. Конституциялық Соттың азаматтардың өтініші бойынша қарайтын негізгі мәселесі – ол заңның немесе өзге де нормативтік құқықтық актінің Конституция талабына сәйкестігін тексеру. Оның шарттары мынадай:

- даулаушы отырған нормативтік құқықтық акті немесе оның жекелеген нормасы адамның Конституцияда көзделген құқықтарын тікелей қозғауы қажет;
- сол даулаушы отырған заңды қолдана отырып, сот тарапынан нақты бір шешім қабылданып тиіс;
- сот шешімі күшіне енуі керек және ол шешімнің мерзімі бір жылдан өтпей тиіс.

Тәжірибе әлі де жинақталуда. Аппараттың қызметкерлері бізге өтінішпен жүгінген азаматтарға түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізіп отырады. Себебі өтінішті рәсімдеу, нұқсан келтіруі мүмкін болған норма-



Эльвира АЗИМОВА, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы:

«КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ – АТА ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНАТАТЫН ОРГАН»

ларды анықтап көрсету немесе бұл органның құзыретінен тыс шығатын сауалдар едәуір жұмысты талап етеді.

Біздің қолға алуымызбен Конституциялық Сот аппаратының 2023 жылы азаматтарды қабылдау орталығы ашылды. Онда азаматтарға Конституциялық Сотқа өтініш берудің тәртібі жан-жақты түсіндіріледі. Азамат офлайн және онлайн режимінде түсініктеме ала алады, қажетті ақпарат Конституциялық Соттың ресми сайтында орналастырылған.

Орталықтың жұмысына аппарат қызметкерлерімен қатар заң консультанттары мен адвокаттар да шақырылады. Олармен аппарат ынтымақтасуы туралы меморандумдар жасасты. Бұл жұмысты ұйымдастыра отырып, Аппарат халық арасында құқықтық сауаттылық пен мәдениетті нығайту жөніндегі мемлекеттік міндетті басшылыққа алады. «Заң және тәртіп» қағидаты нақты режимде жұмыс істеуі керек және құқықтық ақпаратқа қол жеткізу тиімді болуы керек.

– Біздің заңдарымыз қаншалықты Ата Заңға сәйкес?

– Конституциядағы анықталған сәйкессіздіктердің басым бөлігі қылмыстық және азаматтық сот төрелігі саласындағы адам құқықтарына қатысты болды. Сонымен қатар, бала асырап алу кезіндегі балалардың құқықтары мен мүдделеріне, алимент өндіріп алуға, жас балалардың ата-аналарының әлеуметтік құқықтарына, ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтарына, жер қатынастарындағы мұрагерлік құқықтарына, сотталғандарды, күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау жағдайларына, азаматтардың сот арқылы қорғалуына және білікті заң көмегіне қол жеткізуіне, бейбіт жиналыстарға қатысты мәселелер болды.

Ең әуелі бір мәселеге назар аударғым келеді. Заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер маңызды қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған, сәйкесінше уақыттың, жағдайлардың, субъектілер қатарының өзгеруіне және мемлекеттің, қоғамның, жеке тұлғаның жаңа міндеттері мен қажеттіліктерінің пайда болуына байланысты құқықтық реттеушілерді өзектендіру қажеттілігі туындайды. Сондай-ақ, барлық мемлекеттік органдар жүргізуге міндетті заңнаманың құқықтық мониторингі барысында құқық қолдану практикасын талдауды ескере отырып, құқықтық оққылықтар мен қайшылықтар анықталатын жағдайлар бар.

Конституциялық бақылау органының Конституция тұрғысынан құқықтық мониторинг жүргізетін мақсатын да ерекше атап өткім келеді. Екі жыл ішінде Конституциялық Сот тексеру нәтижелері бойынша 60-тан аса қорытынды шешім шығарды. Олардың кейбірі Конституцияға сәйкес деп танылғанымен, Үкіметке немесе өзге де мүдделі мемлекеттік органдарға біздің нормативтік қаулыларымыздағы құқықтық ұстанымдарды ескере отырып, салалық заңнаманы жетілдіру туралы мәселені қарау туралы

шағымдар бар ма? Олар қандай мәселелер бойынша жүгінуде?

– Осы уақытқа дейін Бас прокурор Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беруге қатысты екі өтініш жолдады. Олар бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексерудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асыру кезінде прокуратураның сотта мемлекет мүддесін білдіру жөніндегі құзыреті туралы конституциялық нормаға, сондай-ақ «Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді» және «Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды» деген конституциялық нормаларға ресми түсіндірме берілді. Бас Прокурордың өтініштерін қарау нәтижелерін ескере отырып, қазіргі уақытта Үкімет тиісті заңнамалық ұсыныстар дайындады.

Бас прокурорға, Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық Сотқа заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді тексеру туралы жүгіну құқығын беру – құқық қолдану практикасы мен нормашығармашылық процесі үшін өте маңызды. Бұл субъектілер нормативтік құқықтық актілерді күнделікті өз тәжірибесінде қолданып отырады.

– Жалпы, осы екі жыл ішінде Конституциялық Сот өзін қандай ұйым ретінде айқындады? Қоғамға бұл ұйым не берді?

Конституциялық Соттың қорытынды шешімдері алқалы түрде шығарылатынын еске салу керек. Нормативтік қаулылар қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды. Қабылданған шешімдерді қайта қарау тек екі жағдайда ғана мүмкін болады: егер шешім қабылдауға негіз болған Конституцияның нормасы өзгерсе немесе өтініш нысанасы үшін маңызды жаңа мән-жайлар ашылған жағдайда.

ұсынымдар беріледі. Бұл құқықтық белгісіздік немесе түсініксіздік туғызатын және осындай нормативтік құқықтық актіні қабылдау мақсаттарына қол жеткізу сапасына әсер ететін өзге де қайшылықтар немесе оққылықтар анықталғанда берілген ұстанымдар. Сондықтан мемлекеттік биліктің үш тармағының ешқайсысына жатпайтын Конституциялық Сот тежеу мен тепе-теңдік жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Бұл жүйенің мәні мынада: биліктің қолданыстағы үш тармағының ешқайсысы (заң шығарушы, атқарушы және сот) ресми немесе нақты үстемдікке ие болмауы керек. Мұндай межелеу мен құқықтық тепе-теңдігі мемлекеттік биліктің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Нормативтік құқықтық актілердің конституциялығын бағалау кезінде ең алдымен назар аударатын мәселелер – құқықтық сенімділік, өкілеттіктерді теріс (асыру пайдалану) пайдалану, заң алдындағы теңдік және кемсітпеушілік (құқықтық пропорционалдылық), сот төрелігіне қол жеткізу. Конституциялық Соттың қорытынды шешімдері алқалы түрде шығарылатынын еске салу керек. Нормативтік қаулылар қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды. Қабылданған шешімдерді қайта қарау тек екі жағдайда ғана мүмкін болады: егер шешім қабылдауға негіз болған Конституцияның нормасы өзгерсе немесе өтініш нысанасы үшін маңызды жаңа мән-жайлар ашылған жағдайда.

Қабылданған шаралар туралы сұрағыңызға байланысты Конституциялық Сот мемлекеттік биліктің үш тармағының ешқайсысының қызметіне араласпайтынын, олар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерді қолдануды тоқтатып, оларды белгіленген тәртіппен қайта қарауға тиіс екенін атап өткім келеді. Қайта қарау кезінде олар Конституциялық Соттың шешімдерін, соның ішінде тұжырымдалған құқықтық ұстанымдарды басшылыққа алуы тиіс.

Үкімет тарапынан Конституциялық Сот шешімдерінің орындалу барысын үйлестіруді Әділет министрлігі қамтамасыз етеді. Прокуратура органдары заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды жүзеге асыру кезінде біздің шешімдерімізді басшылыққа алады.

– Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас прокурор тарапынан

Құқықтық мемлекет құру ісіне қандай үлес қосты?

– Конституциялық Соттың қандай үлес қосатынын және оның құқық үстемдігі қағидатын қамтамасыз етуге, заң мен конституциялық тәртіпті сақтауға әсері туралы біз жоғарыда жан-жақты талқыладық. Сондықтан қысқаша жауап берейін: сіз бен біз құқықтарымыз бен бостандығымыз әділ және заңды түрде қорғалатын құқықтық мемлекетте өмір сүргіміз келеді. Біздің еліміздің Ата Заңы жоғары құқықтық деңгейде осындай қорғаудың кепілі және ол нақты режимде жұмыс істеуі, тұрақты болуы тиіс. Бұл міндетті құқық деңгейінде Конституциялық Сот қамтамасыз етеді. Бұл біздің мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсаттарына сәйкес келеді.

Конституциялық Соттың екі жылдағы жұмыс тәжірибесі істерді қарау әдістемесі және басқа мемлекеттік органдар мен соттардың шешімдерді кейіннен орындау тетігінің орнықтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан басқа мемлекеттерден келген әріптестеріміздің қызығушылығын тудыруда. Біздің тәжірибемізді зерделеу мақсатында Конституциялық Сотқа Оңтүстік Корея елдерінің Конституциялық Соттарынан делегациялар келді. Біз 119-дан астам елдің конституциялық соттары мен оларға теңестірілген органдарды біріктіретін Дүниежүзілік конституциялық сот төрелігі конференциясындағы әріптестерімізбен үнемі аналитикалық материалдарды, шешімдерді және ақпараттарды бөлісіп отырамыз.

– Бұл ұйымға қандай да бір қосымша құзыреттер керек пе?

– Басқа елдердің Конституциялық Соттарының тәжірибесін зерделедік. Негізінде, азаматтардың өтініштеріне және жалпы конституциялық Соттың жұмысына қатысты біздегі барлық негізгі ережелер шетелдік үздік тәжірибеге сай келеді. Бұл институтты нығайту қажеттілігі тәжірибемен тығыз байланысты. Біз екі жылдағы қызметке мұқият талдау жасадық және заңнамалық жетілдіру бойынша ұсыныстар пакетін әзірледік. Олар азаматтардың осал топтарының мемлекеттік органдар мен соттарда ғана емес, Конституциялық Сотта да мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу құқығымен байланысты.

Шетелдік Конституциялық Соттардың қызметінде қазақстандық заң шығарушының ұлттық мүдделерді ескере отырып, қарастыруы мүмкін

жекелеген тармақтар бар. Мысалы, кейбір елдерде азаматтар ғана емес, заңды тұлғалар да Конституциялық Сотқа жүгіну құқығына ие. Кейбір елдерде Конституциялық Сотқа жүгіну үшін соттың барлық инстанциясынан өтуі қажет. Бұл жерде Конституциялық Соттардың жеке істерді қарайтын сот жүйесіне кірмейтінін есте ұстаған жөн.

Айта кету керек, біздің үлгінің басқа елдердің Конституциялық соттарынан жағымды тұсы баршылық. Мысалы, конституциялық іс жүргізуге қатысты, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға мемлекет қаражаты есебінен ымдау тілі маманының қызметі (сурдоаударма) ұсынылады. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар азаматтар конституциялық іс жүргізуде олардың мүдделерін білдіру және қорғау үшін адвокат немесе заң кеңесшісін тағайындау туралы өтінішпен Конституциялық Сотқа жүгіне алады.

Өтініш берген кезде және конституциялық іс жүргізу шеңберінде тек адвокаттар, заң консультанттары ғана емес, өкілдік институты да көзделген. Сондай-ақ, өтініш білдірген азаматтың мүдделерін заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйым мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, басқа адамдардың құқықтары мен мүд-

делерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті тұлғалары білдіре алады. Сонымен қатар, басқа конституциялық соттардан айырмашылығы, біздің азаматтар Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы өтініш үшін мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылған.

Прокуратура органдары үлкен жұмыс атқарып жатыр. Өткен жылы прокурорлар қосымша 15 мыңнан астам қылмыстық және 4,5 мың азаматтық істерді, сотталған азаматтардың 3 мың шағымы мен арызын, үй қамағы түріндегі бұлтартпау шараларын қолдану туралы 3,5 мың материалды зерделеді. Осы ретте, Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларын орындау үшін прокурорлар 26 адамның құқығын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдаған, оның ішінде 13 қадағалау және ден қою актілері (8 – қадағалау актілері (наразылықтар), 5 ден қою актілері (қолдауаттар, өтініштер) енгізілді.

– Конституциялық Сот жұмысының әлемдік тәжірибесі қандай? Қандай елдермен және қандай мәселелер бойынша әріптестік байланыстасыздар?

– Қазіргі таңда конституциялық бақылау органы әлемнің 119 елінде бар. Кейбір елдерде оны сот билігі жүзеге асырады, кейбіреулерінде Парламент қабылдағанға немесе қол қойылғанға дейін заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексерумен, яғни алдын ала бақылаумен ғана шектеледі, басқа елдерде конституциялық бақылау органдары қолданыстағы заңдарға қатысты кейінгі бақылауды жүзеге асырады, үшінші елдерде конституциялық бақылау үлгісі алдын-ала және кейінгі бақылау элементтерін біріктіре отырып, аралас сипатқа ие. Қазақстанда көптеген елдерде тараған үшінші үлгі енгізілді.

Конституциялық Соттың халықаралық ынтымақтастығы Мемлекет басшысы жүргізіп отырған көпвекторлы сыртқы саясат шеңберінде дамуда. Қазақстан Конституциялық Соты Азия Конституциялық Соттары мен балалы институттар қауымдастығының, Конституциялық Сот төрелігі жөніндегі дүниежүзілік конференцияның, Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияның, Түркі әлемінің Конституциялық юрисдикциялар конференциясының (TÜRK-AY) құрамына кіреді. Біз әріптестеріміздің қызметті ұйымдастыру әдістемесі бөлігіндегі тәжірибесін зерделеуді жалғастырамыз, қабылданған шешімдер, ғылыми және талдамалық материалдар туралы үнемі ақпарат алмасамыз, Конституциялық соттар аппараттарының талдаушылары мен қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша бірлескен іс-шаралар өткіземіз.

Яғни, біз конституциялық бақылаудың ұлттық тәжірибесін арттыруды және басқа мемлекеттердің тәжірибесін зерделеуді әлі де жалғастырамыз.

**– Әңгімеңізге рақмет!
Сұхбаттасқан
Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»**



САРАП

АЛҚАБИЛЕР МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА БОЛАДЫ

Алқабилер институты 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істейді. Қылмыстық сот ісін жүргізудің бұл моделі сот төрелігінде ақтауды іске асыруға халықтың қатысуын қажет ететін нысан.



Егер үш негізгі сұрақтың әрқайсысына оң жауап беру үшін дауыс берушілердің көпшілігі дауыс берсе, айыптау үкімі қабылданды деп саналады. Егер қойылған негізгі сұрақтардың кез келгеніне теріс жауап беру үшін алты немесе одан да көп дауыс берілсе, ақтау үкімі қабылданды деп есептеледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Алқабилердің қатысуымен сот қараған істері бойынша ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгерістер енгізу туралы» заңға қол қойды. Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауын іске асыру мақсатында алқабилердің қатысуымен істерді қарау мәселелерін реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мақсатында әзірленді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2019 жылғы 27 желтоқсанда заңдағы алқабилер сотының соттылығы тағы 16 құрамға ұлғайтылды.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қылмыстық-процестік кодекстің 631-бабына сәйкес:

Алқабилердің сот ісін жүргізуінің әсері тұтастай алғанда қоғамның құқықтық мәдениетіне, сот билігіне деген сенімге, отандастарымыздың өзіндік танымына жағымды әсер етеді. Бір адам жылына бір реттен артық алқабилер ретінде сот отырыстарына қатыса алмайды.

Алқабилер соты – іріктеу әдістемесі бойынша тағайындалған алқабилер алқасынан тұратын институт.

Қазақстандағы алқабилердің қатысуымен қылмыстық істер қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта бір судьяның және он алқабилердің құрамында қаралады.

Қазіргі қоғамдағы алқабилер соты сот төрелігінің бәсекелестік, соттардың тәуелсіздігі, объективтілік, алқалылық, кінәсіздік презумпциясы сияқты негізгі принциптерін дамытуға ықпал ететін адам құқықтарының кепілі ретінде қарастырылады.

ҚР Конституциясының 75-бабы 2-тармағында көзделген алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуге енгізілуі заңнаманы сот төрелігі саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге мүмкіндік берді және процеске қатысушылардың құқықтық қорғалу деңгейін айтарлықтай арттырды.

Айта кету керек, ақталған адамдардың саны алқабилер ақтаған барлық сотталғандардың жалпы санымен салыстырғанда өсті.

Алқабилер соты қазіргі заманғы және қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәсілге сүйеніп отырып, айыпталушының, сотталушының құқығы, оның еркін билдіруінің нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Алқабилер соты – бұл демократиялық қоғамға қажет, сот саласындағы адам құқықтарына кепілдік бере алады. Алқабилердің сот ісін жүргізуінің әсері тұтастай алғанда қоғамның құқықтық мәдениетіне, сот билігіне деген сенімге,

отандастарымыздың өзіндік танымына жағымды әсер етеді.

Бір адам жылына бір реттен артық алқабилер ретінде сот отырыстарына қатыса алмайды. Алқабилер соты міндеттерін жүзеге асыру кезеңінде соттардың заңда белгіленген тәуелсіздігінің кепілдіктері қолданылады. Ол, оның отбасы мүшелері және олардың мүлкі мемлекеттің қорғауында болады.

ҚР Қылмыстық кодексі алқабилердің міндеттемелерін орындауда кедергі келтіргендерге жауапкершілікті қарастырады.

Сондай-ақ, сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтіргені, алқабилердің өміріне қол сұғушылық, алқабилердің сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе зорлық-зомбылық әрекеттері, алқабилерді қорлау түріндегі құрметтемеушілік үшін жауапкершілік те көзделген. Алқабилер алқасы негізгі құрамның 10 алқабилерінен және 2 қосалқы алқабилерден жеребе тастау жолымен құралады. Дауыс беру жасырын және жазбаша түрде өткізіледі. Кәсіби судья мен алқабилердің дауыс беру кезінде қалыс қалуға құқығы жоқ. Алқабилер сотының дауыстары тең болады.

Дауыс беру үш негізгі мәселе бойынша өткізіледі: іс-әрекеттің орын алғаны дәлелденген бе? Бұл әрекетті сотталушы жасағаны дәлелденген бе? Сотталушы бұл әрекетті жасағаны үшін кінәлі ме?

1) төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру;

2) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;

3) террористік және экстремистік қылмыстар;

4) соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар;

5) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар;

6) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы аса ауыр қылмыстар туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар бойынша қылмыстық істерді қарауды – сот айыпталушының өтініс-хаты бойынша бір судья және он алқабилер құрамында алқабилердің қатысуымен жүзеге асырады.

Алқабилер соты өз кезегінде қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын: тараптардың тиімді бәсекелестігін, кінәсіздік презумпциясын барынша іске асыруға мүмкіндік береді.

Р.САҚАНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



БАЗЫНА

ТЫНЫШТЫҚТЫ БҰЗҒАНДАРҒА ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

Қазір қоғамда тәртіп бұзушылар саны едәуір. Соның ішінде қоғамдық орындарда ішімдіктер ішу мен темекі тарту көп. Темекі мен ішімдік тек қана адам денсаулығына емес, қоршаған ортаға да кері әсер ететінін ескерген дұрыс.

Ішімдік жүйке жүйесін зақымдап, ағзаны улайды, темекі адамның басын ауыртып, ашуланшақ болады. Осыдан соң мінез-құлқы өзгереді, адам өзін-өзі бақылаудан қалады. Мысалы, Г. есімді құқық бұзушы 2024 жылы 12 желтоқсанда 11 сағат 10 минут шама-сында ішімдік әсерінен қоғамдық орында жәбірленуші Ж.-ны боқтап, балағаттап, ар-намысына тиетін сөздер айтқан, яғни, қоғамдық орында айналасындағыларға сыйламаушылық көрсетіп, жеке тұлға-

лардың тыныштығын бұзатын құқық бұзушылық әрекетін жасаған.

Сот отырысында әкімшілік жауапкершілікке тартылушы Г. өзінің кінәсін толық мойындап, ар-намысына тиетін сөздер айтқанын мәлімдеп, айғақ берді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, әкімшілік жауаптылыққа тартып, осы бап бойынша оның заңды өкіліне әкімшілік айыппұл түріндегі жаза тағайындалды.



Әкімшілік құқық бұзушылық жасайтындар ішінде жас балалардан бастап пайғамбар жасына жеткен ағаларымыз да бар. Осындай ортада өсіп тәрбие алған жасөспірім ішімдікке, темекі тартуға ерте жастан әуестеніп, тәрбие жағынан құлдырап, құқық бұзуға бейім болады.

Ж.КЕҢЕСОВА,
Мақат аудандық сот әкімшісінің жетекші маманы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ



КӨЗҚАРАС

Құқықтық мемлекет құру жолында сот жүйесінің рөлі ерекше. Әрбір азаматқа әділ сот шешімін алу құқығы берілген. Алайда, бұл құқықтың толық жүзеге асуы үшін тек сот шешімін қабылдау ғана жеткіліксіз. Сот актілерінің орындалуы да аса маңызды. Себебі, соттың шешімі өз күшіне енгеннен кейін тараптар үшін оны орындау міндетті болып саналады. Сот актілерін орындамау – құқық бұзушылық және бұл әрекет жауапкершілікті туындатады.

СОТ АКТІЛЕРІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот актілері – соттың әртүрлі жағдайларда шығарған шешімдері, қаулылары, үкімдері мен басқа да құқықтық құжаттары болып табылады. Бұл актілер азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және басқа да салаларда шығарылуы мүмкін. Сот актілері қабылданғаннан кейін, оларды орындау қажет, өйткені сот шешімі азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындап, қоғамдағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етеді.

Сот актісін орындамау – сот шешімін орындаудан бас тарту немесе оны орындау барысында түрлі кедергілердің туындауы. Бұл құқық бұзушылық, өйткені сот актісінің орындалмауы азаматтардың және мемлекеттің құқықтарын бұзады.

Сот актілерін орындамау белгілі бір жауапкершілік түрлерін туындатады. Бұл жағдайда сот орындаушылары тарапынан түрлі шаралар қолданылады, мысалы, мүлкті тәркілеу, банк шоттарын бұғаттау, жалақыны немесе зейнетақыны өндіріп алу. Мұндай шаралар азаматтардың құқықтық тәртіпке бағынуын қамтамасыз ету мақсатында қабылданады.

Құқық қорғау органдары сот актілерін орындамаған тұлғаларға айыппұл салуы мүмкін. Бұл санкциялар орындалмаған актінің құнын өтетуге бағытталған, сонымен қатар бұл тұлғаны заңға қайшы әрекеттерден тыйып, ал-

дағы уақытта мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қабылданады.

Сот актілерін орындамау әлеуметтік тұрақтылыққа нұқсан келтіруі мүмкін. Мұндай әрекеттер қоғамдағы заңға бағынушылықты бұзады, ал бұл құқықтық тәртіптің бұзылуына әкеледі. Сонымен қатар, бұл жеке тұлғалардың құқықтарының қорғаусыз қалуына және әлеуметтік даулардың туындауына себеп болуы мүмкін.

Егер сот актісі орындалмаса, бұл азаматтар арасындағы даулардың шешімін созып, олардың құқықтарының қорғалмауына әкеледі. Құқықтық жүйеде осындай мәселелердің көп болуы жалпы қоғамдағы құқықтық сенімділікке теріс әсер етеді. Сот актілерін орындамау әрекеті құқықтық жауапкершілікке әкеледі. Әрбір азамат және ұйым соттың шешімдерін орындауға міндетті, өйткені олар қоғамдық тәртіптің негізін құрайды. Сот актілерін орындамаудың салдары тек жеке тұлғаларға ғана емес, жалпы қоғамға да теріс әсерін тигізеді. Сондықтан, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін, сот актілерін орындауды қатаң бақылау және жауапкершілікті күшейту қажет.

Арай Молдабаева,
Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы



МЕРЕЙ

«КЕҢСЕ ТІЛІ ҚАЗАҚША БОЛМАЙ, ІС ОҢАЛМАЙДЫ»

Қазақ тілі – ұлтымыздың ұлылығын, еліміздің ерекшелігін танытатын ата-бабамыздан қалған асыл қазына. Оның қадірін түсініп қастерлеп, болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыру біздің парызымыз.

Қазақ тілі еліміздегі барлық ұлт өкілдері құрметтейтін және ортақ мақсатқа жұмылдыратын құрал болуы қажет. Тіл – достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны әрі ары. Тіл – ұлттық мәдениет, әдет-ғұрып, халқымыздың салт-сана мен дәстүр сабақтастығына негізделген заңнамадан, құқықтық мәселелерден бөлек дамитын құрал емес. Тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта елімізде тіл саясаты салықалы да сындарлы түрде жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Қазақ тілі шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналууда. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі», – деді.

«Тіл туралы» ҚР заңын, елдегі тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында Шыңғырлау аудандық сотында бірқатар мақсатты жұмыстар атқарылуда. Аудандық соттың аппараттық және жедел жиналыстарының хаттамалары, негізгі қызметке байланысты өкімдер, жоспарлар, анықтамалар, кіріс-шығыс корреспонденцияларды тіркеу мемлекеттік тілде толтырылып, қызметтік міндеттер мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мемлекеттік тілді меңгеру бүкілхалықтық мақсатты іс, мемлекеттік мұра.

Елімізде әртүрлі ұлт өкілдері шоғырланғандықтан, азаматтардың конституциялық құқықтарын да бұзбауға тырысып бағамыз. Осы бағытта басқа ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілде және орыс тілінде жауап беріледі. «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңалмайды» деп Сәкен Сейфуллин айтқандай, біздің сотта іс жүргізу мемлекеттік тілінде жүргізіледі.

Н.ДАУЛЕНОВ,
Шыңғырлау аудандық сот әкімшісінің бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



ТАРАТУ

3. «RS Trading» GmbH в Республике Казахстан» өкілдігі (БСН 170342028609) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050000, Сейфуллин даңғылы, 404/67 үй, 301-кеңсе, тел. 87772339152.

4. «Varna-Tour» ЖШС (БСН 170640023618) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 141200, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Бөгембай батыр көшесі, 2Б үй, тел. 87714274224.

5. «НұрМедКаскелең» ЖШС (БСН 240440000161) (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Абылай Хан көшесі, 77-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қаскелең қаласы, Ақши, 21.

8. «Шалкөде агро» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 170440011687) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шалкөде ауылдық округі, Әлімов көшесі, 1-үй.

9. «Райымбек агро» ЖШС (БСН 210840009789) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Тегістік ауылы, Әуезов көшесі, 11-үй.

12. «AiZcom trading&services» ЖШС (БСН 220540032040) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 4а үй.

14. «Багдат и компания» Тс-і (БСН 970240005088) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Дәулеткерей көшесі, 4-үй.

17. «ALATAUBILIM ОРТАЛЫҒЫ» ЖШС (БСН 180840016525) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 286/2.

18. «Ақназар-Кедей» қоғамдық қоры» ұйымы (БСН 140640018349) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Т.Көмекбаев ауылы, Аша көшесі, 5-үй, тел. 87774567259.

19. «Тәрбие» қоғамдық қоры» ЖШС (БСН 141040007592) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, М.Мамедова көшесі, 25-үй, тел. 87026234982.

20. «Дінмұхамед» ШҚ (БСН 070264031961) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Жаяхметов көшесі, 40-үй.

ӨРТҮРЛІ

6. ХАБАРЛАНДЫРУ
«Ералы» өндірістік кооперативі мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы
Осымен сіздерге 2025 жылы 29 наурызда сағат 15:00-де Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Құтарис ауылдық округі, Ақарыс ауылы, Құтарис ауылдық округінің әкімдігі ғимаратында Кооператив мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлаймыз.
Алдағы жалпы жиналыстың болжамды күн тәртібі: 1. Азаматтардың оларды заң немесе өсиет бойынша мұрагерлік құқығымен кооператив мүшелігіне қосу туралы өтініштерін қарау туралы. 2. Кооператив мүшелерінің жаңа тізімін бекіту. 3. Кооперативтің басқарушы органын (төрағасын) сайлау туралы.
Заңның 15-бабы 8-тармағының 2-абзацына сай егер тиісті қворум болған жағдайда жиналысқа қатысқан кооператив мүшелері бірауыздан өзге шешім қабылдаса, жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізуге шешімі оған енгізілмеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға хақы жоқ.
Осыған байланысты 2025 жылы 19 наурызға дейінгі мерзімде «Ералы» өндірістік кооперативі мүшелерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне толықтырулар және/немесе өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды келесі мекенжай бойынша күтеміз: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Құтарис ауылдық округі, Ақарыс ауылы, Құтарис ауылдық округінің әкімдігі.

10. Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Абдинова көшесі, 65-үй, 4-пәтер тұрғыны Пучков Александр Вячеславовичтің арызы бойынша, Алматы қаласы Жетісу аудандық соты 2025 жылы 18.02. күні оның інісі Пучков Алексей Вячеславовичті, 1973 жылы 12.12. Алматы қаласында туған, қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. Алексей Вячеславович тұрған жері туралы ақпаратты Алматы қаласы Медеу аудандық сотына хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына хабарлауды сұраймыз.

11. «Қазушар» РМК Солтүстік Қазақстан филиалы 2024 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қаспорынның - «Сергеевка, Петропавл су қоймалары бар су тораптарының тірек гидротехникалық құрылыстарының көмегімен жер үсті ағынын реттеу» реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметі туралы – тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Тыңдау 2025 жылы 28 наурызда сағат 11:00-де Петропавл қ., К. Сүтшев к-сі, 58-үй, мекенжайы бойынша онлайн «ЗООМ» бейнеконференц байланыс жүйесінің көмегімен өтеді. Бейнеконференц идентификациясы: 514 485 10 70. Кіру коды: 1 2 3 4 5. Осы тыңдауға қатысуға ниет білдірушілер 8-7152-46-33-94 телефонно бойынша хабарласуларыңызды сұраймыз.

13. «ДРСУ-8» ЖШС 2025 жыл 10.03.бастап 2025.15.03. дейін Бірыңғай экологиялық порталда (Ecorportal.kz) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Көктем-Қолжаз-Кіші Дикан, км 25+349», БСН 041040004676, +77012894995. Жобалық құжаттама пакетін ескертулер мен ұсыныстар үшін Бірыңғай экологиялық порталда көруге болады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.
ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz
«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

27. «Право» қоғамдық қорының «Бақытты отбасы» отбасылық соттары жанындағы Отбасын ресурстық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру» АБҚО КЕАҚ грантын іске асыру туралы ақпарат

«Бақытты отбасы» отбасылық соттары жанындағы Отбасын ресурстық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру» АБҚО КЕАҚ грантын іске асыру шеңберінде «Право» ҚҚ Қазақстанның 10 өңірінде: Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Ұлытау, Түркістан облыстарында, Абай облысында отбасын ресурстық қолдау орталықтарын құрды. Отбасын ресурстық қолдау орталықтарының мамандары (психологтар, медиаторлар) ажырасу процесіндегі отбасы мүшелеріне құқықтық және психологиялық көмек көрсетеді. Бастапқыда татуластыру судьясымен бірге психологтар мен медиаторлар ерлі-зайыптыларды татуластыруға бағытталған кеңестер мен әңгімелер жүргізеді. Татуласу мүмкін болмаған кезде, проблеманы басқаша шешу мүмкін болмағанда ерлі-зайыптылар сот процесіне қатысады, көбінесе бұл отбасы мүшелерінің бірі тараптың тұрмыстық зорлық-зомбылық, абьюзтивті қатынастар, алкоголь, есірткіге тәуелділік фактілеріне қатысты.

2024 жылы ең көп консультациялар Астанада өткізілді, онда 1 206 отбасылық жұпты қамтыған 2 718 консультациялық тіркелді. Алматыда осындай көрсеткіш 57 жұп үшін 186 консультацияны, Шымкентте – 353 жұп үшін 915 консультацияны, ал Қарағандыда – 619 жұп үшін 1 378 консультацияны құрады. Көкшетау мен Атырауда да жоғары айтарлықтай тартылуын көрсетті, Көкшетауда 669 жұп үшін 1 609 консультациялық, ал Атырауда 568 жұп үшін 1 778 консультациялық өткізілді. Басқа өңірлерде белсенділік әртүрлі болды: Ақтөбеде 93 жұп үшін 217 консультация тіркелді, Семейде – 40 жұп үшін 83 консультация, Түркістанда орталықтың нақты ашылуы желтоқсан айында ғана өтті, осы кезеңде Түркістан облысында психолог 32 консультация өткізіп, отбасыларға 9 зерттеу жүргізді.

Ұлытау облысындағы Отбасын ресурстық қолдау орталығының қызметін ұйымдастыру бөлігінде мемлекеттік тілді меңгерген психолог лауазымына кандидаттардың жоқтығы, психологтар, медиаторлар мамандарына кадрлық «тапшылық» байқалады. «Право» ҚҚ апта сайын Еңбек, «Жезқазған, Сәтбаев қалаларының мансаптық орталығы» ММ сайттарында психолог пен медиатордың бос лауазымы туралы хабарландырулар жариялады. Атап айтқанда, Ұлытау өңірі бойынша психолог лауазымын толтыруға байланысты проблеманы зерделеу бойынша Қарағанды, Астана, Алматы қалаларының жоғары оқу орындарында оқуды аяқтағаннан кейін жастардың кетуі анықталды. Жастар мұны Ұлытауда тұрғын үйдің жоқтығымен, мансаптық және рухани өсу перспективасымен, сондай-ақ болашақ балалардың лайықты қосымша білім беру қызметтерін алу мүмкіндігінің жоқтығымен түсіндіреді.

Сонымен қатар жастар арасында діни көзқарастардың етек жаюына назар аудару қажет, бұл мамандықтарды таңдауға да әсер етеді. Отбасылық соттар жанындағы Отбасын ресурстық қолдау орталықтарының психологтары мен медиаторлары жұмысының жалпы қорытындысы: 8 884 консультация өткізіліп, отбасылық жұптарды қамту 3 605-ті құрады. Бұл деректер орталық мамандарының қызметтеріне жоғары сұранысты және оларды одам әрі дамыту мен кеңейту қажеттігін айғақтайды.

Жоғары 2024 жылы барлығы 12 750 адам қатысты, оның 3328-і ерлер, 3409-ы әйелдер және 6013-і балалар. «Жастар» әлеуметтік санатында 323 адам Отбасын ресурстық қолдау орталығы арқылы сотқа жүгінді, жұмыспен қамту санаты бойынша: мемлекеттік қызметшілер – 116 адам, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері – 362, жұмысыздар – 260, қоғамдық ұйымдардың өкілдері-42, бизнес секторының өкілдері – 293.

Отбасын ресурстық қолдау орталықтарына

жүгінгендердің жалпы санынан мүгедектігі бар адамдар 25 адамды құрады, жас санаты бойынша: егде жастағы адамдар – 94.

Қатысушылардың ең көп саны «басқалар» санатына жатады – 5222 адам, оған басқа санаттарға жатпайтын немесе клиенттердің жұмыс орны мен лауазымын жарнамалауға деген құлшынысы жоқ әртүрлі әлеуметтік және кәсіби топтар кіруі мүмкін. Деректерді ажырасуды бастаған адамдар өз еркімен ұсынады.

Жобаны іске асыру аясында отбасын ресурстық қолдау орталықтарының мамандары үшін оқыту семинар-тренингтерді өткізді. Бұл іс-шаралардың мақсаты татуластыру рәсімдерін дамыту, кадрлардың біліктілігін арттыру және отбасылармен жұмыс істеудің озық тәжірибелерін енгізу болды. Барлығы 10 өңіраралық консультациялар мен тренингтер өткізілді, оларға отбасы құқығы және психология саласындағы жетекші мамандар мен сарапшылар қатысты. Тренингтің негізгі тақырыптары:

- Балалар психологиясы мәселелері бойынша интерактивті семинар
- Сот практикасы және психологтардың қатысуымен отбасылық істерді шешу Сот процесітерін отбасылық жанжалдарды шешудегі әлеуметтік-психологиялық зерттеу
- Отбасы мәселелерінде халықаралық заңнаманы қолдану
- Қазақстанның сот жүйесі және сот әкімшілігі
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істеудің психологиялық ерекшеліктері
- Алимент өндіріп алуды орындау бойынша халықаралық талаптар.

Бұл тренингтер орталықтарда жұмыс істейтін психологтар мен медиаторлардың кәсіби дағдындарына артыруға және қиын өмірлік жағдайлардағы отбасылармен жұмыс істеудің тиімді әдістерін енгізуге мүмкіндік берді.

Некени тіркеу кезінде ерлі-зайыптылармен жұмыс істеу белгілі бір проблеманы тудырады, өйткені некені тіркеу мемлекеттік қызмет арқылы жүзеге асырылады, сондықтан ерлі-зайыптылармен «жүздесіңіз» кездесу мүмкін емес. Осы жағдайды ескере отырып, «Право» ҚҚ «Семья и развод», «Отбасы және Ажырасу», «Неке тұрушыларға арналған жадынама», «Памятка вступающим в брак», «Ажырасу – отбасы мәселелерінің шешімі ме?», «Развод – решение семейных проблем?», «Азаматтық неке немесе бірге тұру ма?», «Гражданский брак или сожителство» тақырыптарына арнап бірнеше буклеттер мен флаерлерді әзірлеп шығарды.

Психологтың абьюзерлермен жұмысына байланысты мәселені әзірлегіліп атап өту қажет. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатуы ескере отырып, орталықтардың психологтары әкімшілік қамауға алынғандармен, тергеу изоляторларының базасында отбасылық абьюзерлермен жұмыс істей бастады, олармен өткізілген тренингтердің тақырыптары: «Эмоциялар басқару» (Управление эмоциями), «Зорлық-зомбылықсыз отбасы», олар өзін-өзі бақылауды дамытуға және жанжалды минимизациялауға бағытталған. Тренингтер құқық қорғау органдарының (әйелдер құқығын қорғау бөлімдері) қызметкерлерімен, ажырасу жөніндегі талаптарды қарайтын кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың судьяларымен тығыз ынтымақтастықта өткізілді.

Жобаны ақпараттық жариялау барысында БАҚ пен әлеуметтік желілерде 657 жарияланым орналастырылды. Бұл материалдар қоғамдық пікірді қалыптастыруға және азаматтардың Отбасын ресурстық қолдау орталықтарының қызметі

туралы хабардарлығын арттыруға ықпал ете отырып, жобаның негізгі мәселелерін кең аудиторияға жеткізуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, 15 жарияланым жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілерде, соның ішінде серіктестердің, мемлекеттік мекемелердің және университет сайттарында жарияланды. Бұл мақсатты аудиторияға қосымша ақпарат таратуды қамтамасыз етті және халықтың әртүрлі топтарының қатысуын арттырды.

Жоба аясында 206 000 қаралым жинаған 10 визит-ролик әзірленді. Бұл бейнематериалдар отбасын ресурстық қолдау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу орталықтары жұмысының маңызды аспектілерін ұсына отырып, жобаның негізгі идеяларын көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік берді. Халықпен жұмыс істеудің танымал нысандарының бірі әлеуметтік бйро өткізу болып табылады, оған мүдделі мемлекеттік органдардың (Әділет, полиция департаменттері, білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту басқармасы, сот) мамандары қатысып, отбасылық-неке саласына қатысты барлық мәселелер бойынша халықпен консультациялар өткізеді: «Отбасы және құқық» әлеуметтік бюросы, «Зорлық-зомбылықсыз отбасы», «Отбасы және мемлекет».

Сондай-ақ жоба республикалық теледидарда жарық көрді, онда 1 Atamean Business телеарнасы эфирінде 1 қатысу ұйымдастырылды. Бұл жобаны ұлттық деңгейде ұсынуға және оның маңыздылығына назар аударуға мүмкіндік берді. Жоба туралы ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін отбасын ресурстық қолдау орталықтарының қызметі туралы негізгі мәліметтерді және халық үшін тақырыптар бойынша маңызды ұсыныстарды қамтитын 15 000 буклет әзірленді және таратылды, олардың тақырыптары: «Семья и развод», «Отбасы және Ажырасу», «Әке әркімге қымбат, әкедей ешкім болмас», «Папы разные нужны, папы всякие важны», «Некеге тұрушыларға арналған жадынама», «Памятка вступающим в брак», «Ажырасу – отбасылық мәселелердің шешімі ме?», «Развод – решение семейных проблем?», «Азаматтық неке немесе бірге тұру», «Гражданский брак или сожителство».

Жүргізілген ақпараттық-талдамалық жұмыс БАҚ, әлеуметтік желілер, теледидар және баспа материалдарын қоса алғанда, түрлі медиаарналар арқылы халықтың кеңінен қамтиды. Әзірленген медиа өнімдер, жарияланымдар мен іс-шаралар қоғамның хабардарлығын арттыруға, отбасы құқықтарының қорғау және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелеріне қоғамдық қызығушылықты нығайтуға, сондай-ақ отбасын ресурстық қолдау орталықтарының мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

Жоба ажырасу процесінде тұрған ерлі-зайыптыларға отбасын ресурстық қолдау орталықтары ұсынатын әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті кеңейтуге, халықтың хабардарлығын арттыруда және отбасылық консультациялар жүйесін дамытуда оң динамикасын көрсетеді.

«Право» ҚҚ Отбасын ресурстық қолдау орталықтары жұмысының тиімділігін қуейту және халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін одан әрі арттыруды, судьялар корпусының жүктөмесін азайтуды, жергілікті атқарушы органдарды жандандыруды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар енгізуді, өйткені мемлекеттік органдардың барлық іс-әрекеттері ажырасу деңгейін төмендетуге және елде жүргізіліп жатқан отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы саясат үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

«Право» қоғамдық қоры
Оралханова Асем Ардаққызы
8772531466

МҰРАГЕРЛІК

2. 2024 жылдың 7 қыркүйегінде қайтыс болған Сарсенбаев Косай Оразбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер неіме мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Ж. Сүлейменоваға келулеріңіз керек: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Т.Сүлейменов көшесі, 7-құрылыс, тел. +77022558692.

Астана қаласы соттарының ұжымы және Судьялар одағының Астана қаласы бойынша филиалы Астана қалалық сотының отставкадағы Судьясы Ермек Каписович Сисимбаевқа зайыбы **Людмила Ивановнаның** қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.
Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикалық Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Астана қалалық сотының отставкадағы судьясы Ермек Каписұлы Сисимбаевқа жұбайы **Людмила Ивановнаның** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикалық Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының судьясы Әсем Бейсембекқызы Альжановаға жұбайы **Ғалымжан Мастайұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының отставкадағы судьясы Марат Нұрсапаұлы Мақжановқа ағасы **Сағынтай Нұрсапаұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Абай ауданы №2 сотының отставкадағы судьясы Гүлнәр Мырзатайқызы Сұлтанбековаға анасы

Қайыңш Мақсұтқызының дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖОҒАЛТУ

15. «ГАЛЫМЕТ» ЖШС-нің (БСН 180640015460) жоғалған бірінші және екінші мөрлері жарамсыз деп танылсын.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-РV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-05-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (71712) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 8701268772, 87054422939.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

ДРОНДАР: ҚОРҒАН БА, ҚАТЕР МЕ?

Қазіргі уақытта заманауи технологиялар қарқынды дамып келеді. Айталық ұшқышсыз авиация құралдары – соңғы жылдардағы ең маңызды жетістіктің бірі. Бұл құрылғылар өмірдің әртүрлі саласына деңдей еніп, мәселелерді шешу әдісін түбегейлі өзгертті.



Бастапқыда олар әскери мақсаттар үшін жасалды, бірақ уақыт өте келе азаматтық авиациядан бастап қылмыс әлеміне дейін сұранысқа ие болды. Бүгінде әлем елдері оларды қарулы қақтығыстарға да кеңінен пайдалануда. Дрондар әртүрлі құрылымдардың тиімділігін арттыра отырып, жету қиын жерлерде жүрделі миссияларды орындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ұшқышсыз авиация құралдарын қолдану күннен күнге артып келеді. Олар ауыл шаруашылығы, логистика, инфрақұрылым мониторингі, тіпті құтқару жұмысына да белсенді қолданылуда. Ішкі істер органдарында ұшқышсыз басқарылатын дрондар республикалық маңызы бар трассалардағы көлік қозғалысын бақылауға қолданылады. Сондай-ақ әуеден патрульдеу көлік кептелісі болатын ірі қалалардағы жолдардың ахуалына бақылау жүргізу және жалпы талдау жасау, мегаполистің негізгі магистралдарын зерттеу, жол кептелісінің туындау себебін анықтауға мүмкіндік беруде. Әсіресе, әскери-әуе күштерінде әуе барлауын жүргізу, басқарылатын зымырандар мен бомбаларға жоғары дәлдікпен соққы беру сияқты міндеттерді атқара алады.

Алайда, оларды кеңінен қолдану тек пайда әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар үлкен қауіп те төндіреді. Мысалы, қылмыстық топтар мұндай ұшқыр технологияларды контрабанда, заңсыз ізге түсу, кибершабуылдар және тіпті теракт жасау үшін де қолданады.

Осы негізде мынандай маңызды сұрақ туады: оларды қолдануды қалай реттеуге және қоғамды қауіптен қалай қорғауға болады?

Ұшқышсыз авиация құралдары қазір жасанды интеллектпен, машиналық оқыту алгоритмімен және жетілдірілген навигациялық жүйемен жабдықталған қуатты дербес жүйеге айналды. Олар үлкен көлемдегі деректерді жинауға және өңдеуге қабілетті, оларды қылмыстық құрылымдар да өздері үшін құнды құрал ретінде пайдалана алады. Егер бұрын негізгі қауіп тек барлау үшін пайдаланылатын дрондардан туындаса, бүгінде алдыңғы қатарға оларды қолданудың жүрделі сценарийлері шығуда. Мысалы, қылмыстық ұйымдар тыйым салынған заттарды тасымалдау, тыңшылық және диверсия үшін ұшқышсыз авиация құралдарын қолдану әдістерін әзірлеуде. Кейбір жағдайларда дрондар қылмыс жасау құралы ретінде әрекет етеді – олар құрбандар туралы ақпарат жинау, қару-жарақ немесе жарылғыш заттарды жеткізу, сондай-ақ қылмыстық әрекеттердің нақты уақытын үйлестіру үшін қолданылады.

Осыған орай Қазақстанда мұндай қауіп-қатерлерге қарсы шаралар әзірлене бастады. Мұндай шараның негізгісі – радиоэлектронды басу. Бұл оператор мен дрон арасындағы байланыс арналарын бұзғанда, оның жұмысын бұзуға немесе қауіпсіз аймаққа бағыттауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, лазерлік кешендер мен электромагниттік қарулар белсенді түрде сыналуда, олар стратегиялық нысандарға ұшып бара жатқанда дрондарды физикалық түрде жоя алады. Маңыздысы – радиолокациялық және оптикалық-электронды құралдарды қолдана отырып, дрондарды анықтау жүйелері де жасалды. Сонымен қатар, қылмыстық топтарға қарсы күресте ұшқышсыз авиация құралдарын қолдану бойынша зерттеулер жүргізілуде. Мұндай технологияларды күдікті объектілерді бақылау, арнайы операцияларды сүйемелдеу және тіпті қиын жағдайларда барлау тапсырмаларын орындау үшін пайдалануға болады. Дрондар жылу түсіргіштермен, инфрақызыл камералармен және жасанды интеллект жүйелерімен жабдықталуы мүмкін, бұл жағдай өзгерген кезде жедел әрекет етуге және қылмыстардың жасалуына дейін оның алдын алуға мүмкіндік туады.

Бұл ретте заңнамалық реттеу туралы мәселе туындайды. АҚШ-та ҰАҚ-тың тіркеуге қатаң талаптар қойылып жатыр. Еуропада оларды пайдалануға, әсіресе, маңызды инфрақұрылымдық нысандарға жақын жерде пайдалануға қосымша шектеулер қою мәселесі талқылануда. Қазақстанда нормативтік база енді ғана қалыптасуда, бірақ халықаралық ынтымақтастықсыз тиімді бақылауға қол жеткізу мүмкін болмайтыны анық. Негізінде елімізде ұшқышсыз ұшу аппараттарды шығару мен пайдалану тәртібі 2010 жылғы 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация жұмысы» туралы заңда және Үкіметтің 2011 жылғы 12 мамырында бекітілген әуе кеңістігін пайдалану туралы №506 бұйрығының 5 ережесінде қарастырылған. Десек те, мемлекеттік органдар бұл бағытта кешенді тәсілдер қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде, ондай тәсілдер технологиялық шешімдер мен құқықтық реттеуді қамтитын болады.

Ұшқышсыз авиация құралдары – азаматтық саланы ғана емес, қылмыстық ландшафтты да өзгертетін технология. Алдағы жылдары дронға қарсы жүйелердің жетілдірілуі, пилотсыз аппараттарды анықтаудың және бұғаттаудың дәл әдістерін қолданамыз деп ойлаймын. Олар одан да автономды және жүрделі бола түсетіні анық, ендеше бұл жаңа қорғаныс стратегияларын қажет етеді. Негізгі міндет – технологиялық прогресс пен қоғамның қауіпсіздігі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету, осылайша ұшқышсыз авиация құралдарын зиянды әрекетке емес, керісінше игілікті істерге пайдалануға қол жеткізу.

Қ.ҚОБЛАНДИН
ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясының бастығы полиция полковнигі

ЖАҢА ЗАҢ

Қоғам жыл өткен сайын жаңа заңдармен, жаңа заңнамалық өзгерістермен толығуда. Мұндай құқықтық жаңғыртулар азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдағы ортақ тәртіпті сақтау мақсатында енгізілетіні белгілі. Осындай ел үшін маңызды құжаттың бірі – Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі. 2025 жылғы 10 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ ЖАЗАСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Жалпы қарапайым азаматтар күнделікті өмірінде әкімшілік құқық бұзушылықтармен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан жаңа заңнамадағы өзгерістер мен толықтыруларды көпшілікке дер кезінде түсіндіру, жаңалықтарды таныстыру аса маңызды. Бұл құжаттағы соңғы өзгерістердің екі бағытты қамтитынын атап өтуіміз керек. Бірінші бағыт, әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін «Қоғамдық жұмыстарға тарту» әкімшілік жазасының жаңа түрін регламенттеумен байланысты. Осы өзгеріс заңнамалық тұрғыдан қарастырылғанға дейін қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жаза тек қылмыстық заңнама шеңберінде қолданылып келген еді. Соған сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылық жасаушыларға белгіленген қоғамдық жұмысқа тарту жазасын пробация қызметі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп орындайтын. Жаңа өзгеріске сәйкес Әкімшілік құқық бұзушылық үшін қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі әкімшілік жазаны қолдану тетіктері қарастырылып отыр. Бір ескерерлігі, қоғамдық жұмысқа тарту жазасы айыптының келісімімен тағайындалады. Сонымен бірге, қоғамдық жұмыстың қандай түрін белгілейтінін және оларды орындайтын ұйымдардың тізбесін тек жергілікті атқарушы органдар айқындайтынын да айта кеткен абзал.

Жауаптылықтың жаңа түрін енгізуде жергілікті атқарушы органдарға үлкен міндет жүктеліп отыр. Заңнаманы басшылыққа алған жергілікті атқарушы органдар сот қаулысы келіп түскен сәттен бастап құқық бұзушымен етене жұмыс жүргізеді. Құзырлы орган құқық бұзушыны шақырып, оның жеке деректерін толтырған соң, құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарды орындау тәртібі мен реті бойынша толық мәлімет береді.

Осылайша енді әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қоғамдық жұмысқа тарту жазасы 11 бап пен 19 құрам бойынша қолданылады. Бұл ретте әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесімен, оның салдарымен, жасалу мән-жайларымен және кінәлінің жеке ерекшеліктерімен сәйкестіріліп отырады.

Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстегі өзгерістердің екінші бағыты әкімшілік-деликттік заңнаманы жетілдіруді көздейді.

Әрине, заңның өміршең болуы халықтың қабылдауы мен құжаттың сапасына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда жаңа өзгерістер қоғамды жақсы бағытқа өзгертуді үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың негізгі принциптерін мүлтіксіз сақтап, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер дұрыс қаралуы үшін әкімшілік құқық бұзушылық хаттаманың сапалы толтырылуына көңіл бөлу керек. Сонымен қатар, әкімшілік істердің заңға сәйкес рәсімделуіне және сотқа уақытылы жолдануына аса назар аударған жөн.

Алинасыр ҚАДЫРОВ,
Қонаев қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖАЛАДА ШЫНДЫҚ БОЛМАЙДЫ

Жала жабу – адамның жеке басына қатысты жалған мәліметтер таратып, ар-намысына тиюмен, іскерлік беделіне нұқсан келтіруге байланысты туындайтын құқық бұзушылық.

Өкінішке қарай, әлеуметтік желілердің қолжетімділігі, ғаламтордағы азаматтардың белсенділігі жала жабуға қатысты шағымдардың көбеюіне ықпал етті. Сөздің қадірін білетін, бір ауыз уәжді сөзге тоқтайтын халықтың сөзбен жаралауды, сөзбен соққы беруді әдетке айналдыруы жақсылықтың нышаны емес. Бұл жауапсыздықтың, айналасындағы адамдарды сыйламаудың жарқын көрінісі.

Бұрын жала жабуға қатысты істер қылмыстық кодекстің аясында қаралатын. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай бұл бап кейіннен қылмыссыздандырылып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске ауыстырылған еді.

Бүгінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-3-бабына сай қаралатын істер аз емес. Осы бапта көрсетілгендей, басқа адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін көрінеу жалған мәліметтерді тарату жала жабу болып табылады.

Жала жабу оңай, ал сол жаланың кесірінен тараған қауесетті тоқтату, бүлінген имиджді қайта қалпына келтіру өте қиын. Сондықтан, «жаптым жала, жақтым күйе» деп заңсыздық жасағандардың әрекетіне бей-жай қарауға болмайды. Сотта өз құқығы мен мүддесін қорғау үшін жала жабылған азамат дәлелдер жинауы керек. Қазіргідей заманауи құрылғылар дамыған заманда жала жабу деректерін жазып алу, хабарламалардың скриншоттарын түсіру, қоңыр ақпаратты жазып алу көп қиындық тудырмайды. Сондай-ақ жалған ақпараттың таралу фактісін растайтын куәгерлер болса, тіпті керемет.

Жала жабу әрекетінен моральдық немесе материалдық зиян келген жағдайда, азаматтар өз құқығын сот арқылы қорғауға болады. Сотқа талап қоярда кімнің жала жапқаны, одан жәбірленушінің қандай зиян шеккені, қандай өтемақы талап етілетіні, талаптың дұрыстығын дәлелдейтін айғақтар тіркелуі керек. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-3-бабына сәйкес, жала жапқан жеке тұлғаға 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып немесе он бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу, ал лауазымды адамға 550 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып немесе жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жауаптылығы қарастырылған.

Көпшілік алдында немесе БАҚ мүмкіндігін пайдалана отырып жала жабылған жағдайда жауаптылық бұдан да қатаң. Мұндай әрекет үшін жеке тұлғаға 180 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып немесе жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қарастырылған. Ал лауазымды адамға 650 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып немесе жиырма тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Жала жабудың ең ауыр түрі – адамды сыбайлас жемқорлық немесе ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен байланысты. Мұндай құқық бұзушылық орын алған жағдайда жеке тұлғаға 200 АЕК айыппұл салу немесе жиырма бес тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы белгіленген. Ал лауазымды адамға 750 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады не отыз

тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Осыдан көріп тұрғанымыздай, жала жабу үшін жауаптылық жоғары. Сондықтан, «Сөз қуған бәлеге жолығады», «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес» деген халық даналығын ұмытпағанымыз абзал.



Лаура НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Ақтау қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сот судьясы

тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады.

Осыдан көріп тұрғанымыздай, жала жабу үшін жауаптылық жоғары. Сондықтан, «Сөз қуған бәлеге жолығады», «Оқ жарасы бітер, сөз жарасы бітпес» деген халық даналығын ұмытпағанымыз абзал.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есманбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@astana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6400 дана
Апталық таралым 12 800 дана
Тапсырыс №31 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31